

ЖАҚОБЫЛЫК ОМАРОВ



Талант



ЖАҚСЫЛЫҚ ОМАРОВ

Талтүс

Өлеңдер жинағы

Шымкент, 2016

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Каз)
О - 58

О - 58 ОМАРОВ Ж.

ТАЛТУС: Өлеңдер жинағы. -*Шымкент:*
«Нұрлы Бейне», 2016. -178 бет.

ISBN 978-9965-03-404-5

Адамгершілік, имандылық, арды аттамау – ақын Жақсылық Омаров өлеңдерінің негізгі өзегі, алтын арқауы. Бұған дейін оқырмандарына «Жүрекжарды», «Аманатқа адалдық» атты кітаптарымен таныс ақынның жаңа жыр жинағына кейінгі жылдары жазған өлеңдері топтастырылған.

Еңбек қалың оқырман қауымға арналады.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Каз)

ISBN 978-9965-03-404-5

© Омаров Ж., 2016



Жақсылық Адамбекұлы Омаров

- 1956 жылы Шымкент облысы, Түркістан ауданы, Жарас ауылында туған. 1974 жылы Кентау қаласындағы №2 мектеп-интернатты бітірген. Еңбек жолын Бабайқорған ауылында құрылысшы болудан бастаған ол, кейін әртүрлі салада жұмыс істеген. 1985-1999 жылдары «Қазақмыс» корпорациясының Оңтүстік Жезқазған кенішінде кенші болған.

Ж.Омаров қазір құрметті еңбек демалысында. Ақынның бұған дейін «Жүрекжарды», «Аманатқа адалдық» атты жыр кітаптары жарық көрген.

Жанымның жанырақтары



АҚТАРЫЛСАМ АҒЫМНАН


Күз түсіп келеді далама,
Білмеймін, молшылық бола ма?
Жоқ әлде егінді жинатпай,
Қазанның суығы ұра ма?

Көктемде себілген дән еді,
Көптің де үміті мол еді.
Жаз өтті жайнаған жадырап,
Қандай сый ұсынар күз енді?!

Табиғат сабағын алыппын,
Даладан өзімді таныппын.
Өмірдің көктем мен жазы өтіп,
Күзіне жақындап қалыппын.

Күзіме жақындап келемін,
Бойымда барымды беретін.
Жазбаған жырымды жазда мен,
Мәуедей кезім бұл төгетін.

Талтүсте тұрғанмен, алдым - күз,
Өмірдің білдік пе, парқын біз?
Көргеннің, түйгеннің бәрін де,
Жырыма арқау ғып жатырмыз.
...Өйткені, өлеңі арқылы,
Өмірді жырлайтын ақынбыз.



ДАРА ТУҒАН

(Қаныш Сәтбаев ескерткіші ашылғанда)

Ірі тұлға, ірі адам қазағымда,
Орыныңыз ерекше, Қаныш аға!
Кең байтақ Сарыарқадан кенді тауып,
Тезе білген талай сын азабына.

Ырзық тауып өзіңіз ашқан кеннен,
Бақыт тапты ел кен тау боп жатқан жерден.
Кеншілер қаласында қойдық міне,
Еңселі ескерткішті Сізге төрден.

"Ел, халық" деп соқты ғой жүрегіңіз,
Қазақта дара туған ұл едіңіз.
Сізге деген сездірді ықыласын,
Осы ескерткіш арқылы ұлы еліңіз!



ТЫНЫШТЫҚ БОЛСЫН ЕЛІМДЕ

Дөңгеленген дүние дүбірінен,
Естігенде хабарды жан түршіккен.
Кеше ғана Украина халықтары,
Мақтанушы еді елінің бірлігімен.

Қан жылатып қарапайым халықты,
Арамзалар ішке еніп алыпты.
Бір-біріне оқ атады қан төгіп,
Көздері әбден карауытып алыпты.

Бүлік салып тыныш жатқан еліне,
Арамзалар жау шақырды жеріне.
Ал, ақыры не болғаны белгілі.
Ендеше, тек бірлік болсын елімде.




КЕНШІЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Ашылды қаламызда жаңа ескерткіш,
Құйылған араласып қола мен мыс.
Атшаптырым жанында алаңы бар,
Сүйсініп қалады екен көргенде көз.

Ескерткіш ашылғанда жаңбыр төкті,
Адамдар "бұл – Алланың нұры" десті.
Тұрғызып нән ескерткіш осылайша,
"Қазакмыс" кеншілерді құрметтеді.

Өзім де кешегі бір кеншің едім,
Еңбектен алғыс, құрмет еншіледім.
Бүгін міне ескерткіш алдына кеп,
Ақын боп кенші жайлы жыр төгемін.



ҰСТА БИІК ҰЛТ ТУЫН


Адамдарда жоғалған ба қасиет?
Жоғалса егер сол ғой нағыз қасырет.
Көңілімді түсінетін жан таппай,
Үмітімнен күрсінісім көбірек.

Ел біткен жүр қара бастың қамымен,
Ақсақалдың сөзінің де дәмі кем.
Көретіні иек асты тек қана,
Ойлайтын жан қалмағандай әріден.

Соны ойласам ауырады жүрегім,
Не болады бүгіннен соң ертеңім?
Қаншама адам далада жүр қаңғырып,
Келешектен келеңсіздік көремін.

Қанша күттік Тәуелсіздік таңдарын?
Біздер көрдік ата-баба арманын.
Шаңырағымыз биіктесін десең сен,
Ұлтқа кесір әрекетке бармағын.

Талай кештім өкініштің өткелін,
Кеш түсіндім өмір босқа өткенін.
Ұлттың Туы өз қолыңда тұрғанда,
Өмірлерің өкінішпен өтпесін.



АРУАҚТАР ҚОЛДАСЫН!

Кешір мені, жырақта жүріп сағынған, елім!
Араларыңда бір жүрмей, тағдырға бағынған едім.
Еске алып бүгін әкелер, аналарымды,
Басымды иіп ағайын-туыс, алдыңа келдім.

Өмірде талай өкінішті өткелдер кештім,
Асқақ армандарым, от болып жанбай да өштің.
Мектепте жүрген кезімде, алдында едім қатардың
Қалай ғана қалып қойдым соңында көштің?

Мәз болып жүріп, астыма көпшік қойғанға,
Белімнен батып күнәға, пендешілік болғанда.
Кешіріңдер аяулы аналарым, асқар тау әкелерім,
Бел байлап келдім, перзенттік жолды жалғауға.

Перзенттік парыз өтелмес, оқытқанменен Құранды,
Өздеріңді сағынып, жазғанымменен жыр -әнді.
Ұл мен қызды өсіріп, немерелер сүйгенмен,
Өздеріңіз болмаса жаза алмас ешкім жарамды.

Құдайға күнде сыйынам, бірлігін тілеп ұрпақтың,
Мекендеп жатыр мәңгілік бабалар анау қыр басын.
Өмірден олар өткенмен, рухы мәңгі өлмейді,
Ұрпағымды солардың аруақтары қолдасын.

АЙНЫМАДЫМ ЖОЛЫҢНАН

Қалдым әке, алпыс жасты алқымдап,
Артта қалып жастың шағым қол бұлғап.
«Алпыс - талтүс" деп жатады қазағым,
Қайта келмес өмір өтті – ау зымырап.

Аз болған жоқ өмірде сүрінгенім,
Ойдағым орындалмай, күйінгенім.
Тәлкегіне тағдырдың ұшырап сан,
Бүлінбейтін кездерде бүлінгенім.

Жүрісімнен жол таппай жаңылғаным,
Мұнның қалың көрпесін жамылғаным.
Біреулер кара күйе жаққанымен,
Жақсылардың жанынан табылғаным.

Шүкір Алла шыққан жоқ жаман атым,
Адалдық биігінен табылғаным.
Қиналсам да ешқашан қиғаш кетіп,
Өзің салған ақ жолдан айнымадым.



ПЕРІШТЕ ЕМЕС, ПЕНДЕМІН

Кімге шағам көңілдегі мұнымды?
Кімге айтамын ашылмаған сырымды?
Жоқты бардай, барды дардай ететін,
Адамдарға түсінбеймін бүгінгі.

"Жоқ" дейсіндер айтындаршы, кімде мін?
"Міні жоқ жан бар" дегенге сенбеймін.
Кемдігімді нақтылап айт, бірақ та,
Жала сөзді жапсырғанға көнбеймін.

Сын айтылса құп көрер ем орынды,
Жала сөздер жаралайды жанымды.
Аққа қара жаққысы кеп тұратын,
Адамдардың ойлағаны не болды?

Өз әлімді шамалаймын, бақылап,
Менде де рас мың кемшілік табылад.
Қателеспей жүре алмайтын өмірде,
Періште емес, пенде екенім ақиқат.



ШАҢЫРАҒЫМ

Өз үйім-өлең төсек, шаңырағым,
Түтетіп түтінімді жанған бағым.
Қос қабат зәулім сарай керек емес,
Бақыттың таттым дәмін осында мың.

Қарасаң кететін бас айналып құр,
Талай-талай сарайлар сән құрап тұр.
Сыртының сұлулығы неге керек?
Сәні емес, мәні керек шаңырақтың.



Мерейлі
ОТБАСЫ

ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

Тумай жатып әкемді жерлегенмін,
Мейірімін аңсағам, шөлдегенмін.
Тоғыз жаста айырып анашымнан,
Тағдыр мені тағы да өртеген-тін.

Нағашы апам сипады маңдайымнан,
Сонда ішкен дәм кетпейді таңдайымнан.
Көңіліміз жабырқап жүруші еді-ау,
Сырт айналған туыстың талайынан.

Алға ұмтылдым, ешқашан жасымадым,
"Тағдыр солай екен" деп тосылмадым.
Жеңісім көп өмірде жеңілістен,
Жетімнің жетілгенін осыдан біл!



ШЫНДЫҒЫМ

Шындығым бар кеудемде шырылдаған,
Таң қаламын кей жандарға соны ұқпаған.
Ар мен намыс ардақты - алтыныңнан,
Шындығым артық маған шыбын жаннан.

Жан емеспін сүттен - ақ, судан - таза,
Шындығым шырылдауда бермей маза.
Балалық балғын шаққан аманатқа,
Серт бергенмін қиянат жасамауға.

Ұмытып көргенім жоқ жақсылықты,
Жаныма жақындатпан арамдықты.
Пенделік болса бәлкім болған шығар,
Таптатқан жан емеспін ар-ұятты.

Жүректегі шындығым - ар-ұятым,
Адалдық күнде менің табынарым.
Басқадан жаңылсам да, бірақ, достар
Шындығымнан ешқашан жаңылмаймын.



БІР УЫС ТОПЫРАҚ

Азаматтық міндетімді өтеген,
Айрылдым ғой, Анам, сенен кезде мен.
Елді қорғау міндетіне адал боп,
Еліміздің Шығысында жүрген ем.

Жер шалғай болғандықтан жете алмадым,
Ішінде намазыңның бола алмадым.
Тағдырдың каталдығын қараңызшы,
Бір уыс топырақ та сала алмадым.

Артықтау асылықпен айтты деме,
Мен риза болар ем ғой Тәңіріме,
Елімді қорғайтұғын күшке қоса,
Анамды қорғайтындай күш бергенде.

Анамның әрбір сөзі әлі есімде,
Нұр жүзі ұмытылмас көңілімде.
Бір уыс топырақты ойлағанда,
Жүрегім қанжылайды, сенесіз бе?



АУЫЛДАҒЫ АСЫЛДАРЫМ

Ауылдағы асыл менің аналарым,
Жолымен жүре білген бабалардың.
Кейінгі келіндерге үлгі болып,
Көбейткен отбасында бала санын.

Пейілдері кең дария секілденіп,
Қонақтарды қарсы алар көңілденіп.
Қабактары өмірде бір шытпайды-ау,
Жатса да қонақтары қанша келіп?

Көздеріндей көрінген қос анамның,
Береке еткен шаңырақтың босағасын.
Екі бірдей анамды сағынғанда,
Сіздерге қараймын да, тамсанамын.

Жолын кесіп өтпеген үлкендердің,
Бірлігін сақтай білген қалың елдің.
Бар байлығым өздерің, асылдарым
Үмітін ақтай білген барша елдің.



ҚАСҚЫРЛАР ДА ӨРТҮРЛІ

Әкем Сапарбайға

Өлі есімде балалық балғын кезім,
Қақпан құрып, аң аулап жүруші едің.
Бірде ауылға әкелген арлан қасқыр,
Қызығымызға айналды бәріміздің.

Үш күндей жатты қасқыр сойылмастан,
Өр сәті өмір үшін жанталасқан.
Есімде сонда әкейдің шоқпар беріп,
«Қасқырдың соқ» дегені - қақ басынан.

Баламын, қорқып тұрдым шыны керек,
"Қорықпа» деген даусы естілді ерек.
Шоқпарды бар күшіммен сілтеп қалдым,
Байқаймын қақ маңдайдан тисе керек.

«Жарайсың» деген мақтау сөз есіттім,
"Қасқыр соққан Жақантай" атаныппын.
...Төрт аяқты қасқырдан қос аяқты,
Қасқырлар жаман екен, кейін ұқтым.

ЖАМБАСТАҒЫ ОҚ

Арада қаншама жыл өткенменен,
Бір естелік қалыпты өткен күннен.
Соғыста жамбасынан жараланған,
Атамыз сыр бөлісті бірде бізбен.

«Ол кезде он сегізде жігіт едім,
Көппен бірге соғысқа менде кеттім.
Жүз бірінші бригада құрамында,
Талай-талай шайқастан аман өттім.

Қиын маған соғысты еске алу да,
Жастық шақ жанып кетті от - жалында.
Қыршынынан қиылып боздақтарым,
Отан үшін аямады жандарын да.

Көзбен көрдім танкілер таптағанын,
Судай шашып адамның қызыл қанын.
Соғыста аяушылық болмайды екен,
Өмірін қиған жастай талайлардын.

Өмір шіркін байланған қорғасынға,
Күндер еді-ау күн туған ер басына.
Соғыстың белгісіндей болған бір оқ,
Жүргенін білмейсіңдер жамбасымда».

Осыны айтып жас алды ол жанарына,
Білмейтін ек бұл жайлы расында.
Атам өтті өмірден, оқ та кетті,
Алынбаған сол қалпы жамбасында.

ЖОЛ СЕНІКІ, ҚАРАҒЫМ!

Көтерген қонағым деп қазақ қызды,
Бердім саған қарағым, мен жолымды.
Қыз дегенің - асыл жар, аяулы ана,
Мәпелеумен өсірген ұл - қызыңды.

Ризамын көрсеткен ізетіңе,
"Аға" деп қадірлеген құрметіңе.
Қазақшылық тәрбие тұна қапты-ау,
Жүзіңнен нұр төгілген келбетіңе.

Ертеңім деп артатын сендерге үміт,
Сыйлау білу үлкенді - көргенділік.
Көргендіні көргенде жол бермесек,
Сол емес пе жасалған зор қателік.
...Жол сенікі, қарағым!

БІЛІМ МЕН ІЛІМ

Екі адамның бірінің білімі бар,
Елдегі қарап тұрсаң бүгінгі хал.
Дипломды қосақтап салып алып,
Кеудесін мақтанышпен ұрып тұрар.

Білімге қоса деген ілім ізде,
Бұрынғының сөзі бар жеткен бізге.
Білімді боп ілімің жетпей жатса,
Байқалар кемшілігің көрер көзге.

Адамдардың білімі мен ілімі,
Тең келгенде, мол төгілер жылуы.
Жөн-жобаны айыра да білмейтін,
Ілімсізді дей алмаймын білімді.



СЫНАҚ

Қорқамын мақсаты жоқ адамдардан,
"Не күтеді алдан?" - деп қамданбаған.
Ойлайтыны - бір күннің қамы ғана,
Ой - келте, сана - саяз қараңдардан.

"Үш күндігін ойламаған әйелден без,
Үш жылдығын ойламаған еркектен без".
Санаңа сап саралап салмақташы,
Бабаларым осыны айтпаған тек.

Ит те күнін көреді шәуілдеумен,
Өмір мәні бір күнмен өлшенбеген.
"Болашағым бұлыңғыр болмасын" деп,
Нәсібін жиған ерлер маңдай термен.

Тағдырдың қилы-қилы өрнектері,
Адамға берілетін сынақ дейді.
- Сол сынаққа болаттай берік болсаң,
Жарқын болар болашақ - дейді – ертеңгі.

Бақ та үйір келеді шыдамдыға,
Шыдамдылық қажет қой талай сынға.
Алдыңа мақсат қойып, ұмтыла біл,
Жеңу үшін тағдырды жолда сынба.

БАЛА МОНОЛОГЫ

Ана сүті әлі аузымнан кеппеген,
Өкініш бар өзегімді өртеген.
Мен анамның кім екенін білгенмен,
Не кінәм бар ал, әкемді көрмесем?

Мүмкін емес жан әкемнің болмауы,
Сеземін бір кез анамды біреу алдады.
Әкелік айырды да мейірінен,
Санасын шайтан улады.

Түбіне талайлардың жеткен арақ,
Күйзеліп ортасына түсті шаңырақ.
Әкенің шапағатын сезе алмаған,
Жас бала жазығы жоқ қалды жылап.

Содан соң, "аракты ішпе" деп тұрамын,
Емес қой арақ деген - бақ, тұмарың.
Баланы әкесінен айыратын,
Соғыстан кем түспей тұр бұл тажалың.

Қызыкпай үлде менен бүлдеге де,
Жүрегім қан жылайды күнде неге?
...Әкемнің жанында мен жүрмес пе едім?
Арақтың кесірі егер тимегенде.

ҚИЫЛДЫ НЕГЕ ҚОЛАҢ ШАШ?

Ойландырып қинағанда тұрмысы,
Сол қадамға апарыпты бір қызды.
Шеше үшін, сіңілі үшін, іні үшін,
Қимаса да, қолаң шашын қидырды.

Бұл қиындық кімді сынға салмаған?
Мол ақшаға кезігем деп ойлаған.
Теңге орнына ұсынды да тиынын,
Қыз арманын алдап соқты оңбаған.

Келе жатқан шағында енді бойжетіп,
Үйге сүйеу болып жүрген бір елік.
Алданды да жарнамаға тұр енді,
Тобығына түскен шаштан айрылып.

Шарасы әбден таусылғанда адамның,
Шаштың өзін саудалаған заман бұл.
Арың биік болып қалсын бәрібір,
Қолаң шашың қиылғанмен, қарағым!



ТҮСІНБЕДІК БІРІМІЗДІ БІРІМІЗ

Жазу үшін жүректегі жарамды,
Мен жасап ем алғашқы боп қадамды.
Реніштер арамыздан алыстап,
Сәттер қайта оралса деп баяғы.

Ұмытуға ниет еттім өткенді,
Тамағыма бірақ, өксік кептелді.
Су сепкендей сап басылды көңілім,
Жіпке тізіп шыққан кезде өкпеңді.

Қатты жауып кеттің солай есікті,
Өшірдің де жүректегі үмітті.
Бірімізді түсіне алмай біріміз,
Бір жолымыз тағы екіге бөлінді.



Ұлы да өтер өмірден пақыр да өтер,
Өлмейтіндей біреулер ойлар бекер.
Қысқа өмірде нұсқалы сөзін жазып,
Жақсылар кейінгіге тастап кетер.

Кейде мен өз-өзімнен мұңаямын,
Кәдімгідей қиналар шыбын жаным.
Неге келдім өмірге, не бітірдім?
Осыны неге ертерек ойламадым?

Тура жолдан тайғанап, жаңылғаным...
Кеш түсіндім, қайтейін өмір мәнін.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Арманым - кейінгіге сөзім қалсын.



ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛ ДҮНИЕДЕН НЕ ҚАЙЫР?

Не табасың болмашы сәл қулықтан,
Құтылмассың түбінде бір шындықтан.
Бар нәрсені ақшаменен өлшейсің,
Пейілі тар қуларым-ай, дүниеге құныққан.

Заман деген тұрмас мына қалпында,
Өмір - қысқа, ізің қалсын артыңда.
Ертеңгі күн ұялмасын ұл-қызың,
Қарапайым қалың елдің алдында.

Бұл өмірден кедей де өтті, бай да өтті,
Бәрін бірдей қара жерге жерлепті.
Қандай ғана айырма бар қарашы,
Өлім деген пенделерді бөлмепті.

Артта қалар байлығың да, сәнді үйің,
Бұл сөзімнен шығарарсың бір түйін.
Қызыл-жасыл дүниеден не қайыр?,
Ағайынға болмаса егер еш сыйың.



ҚҰНЫҚПА АТАҚ, МАНСАПҚА

Қарағым-ау, майын ішкен өнердің,
Терме-жырды орындауға шеберсің.
Әкелік бір ақылымды айтайын,
Түсірмегін сол шеберлік деңгейін.

Сәл көрмесе сағынатын көрермен,
Халыққа сен жағымдысың өнермен.
Қыраны боп аспанында қазақтың,
Қанатыңды қағарыңа сенем мен.

Мың құбылып тұрар дәйім заманың,
Күтер сені алда әлі талай сын.
Сәл нәрсеге бола ұнжырғанды түсіріп,
Сынақтардан сүрінбегін, қарағым!

Тұра алмаспыз бұл өмірде мәңгілік,
Келгеннен соң кету және заңдылық.
"Күнім неге тумай жатыр?" дей берме,
Алдыңыздан шығар әлі таң күліп.

Жүгіртсе де ойынды өмір сан-саққа,
Құнықпағын атақ, байлық, мансапқа.
Өнер жолы - киелі жол екенін,
Әрқашанда есте сақта, ұмытпа!

Көтере біл тағдырыңның салғанын,
Өнер үшін арамдыққа бармағын.
Мен әкелік жолмен айттым ақылды,
Өзің ойлап шешерсің – ау, ар жағын.

Қайтем әке, қиналдым жалғыздықтан,
Адам да жоқ жанымда сырымды ұққан.
Торға түскен торғайдай шырылдаймын,
Кімге шертем жүректегі мұңды жатқан?

Өмірдегі өкініштер өзекті өртер,
Сырымды айтсам біреулер мазақ етер.
«Жалғыздың үні шықпас» деген бар ғой,
Қазағым ешбір сөзді айтпас бекер.

Ағайынға сөз айтсам "бауырым" деп,
Айтқан сөзім кетеді далаға тек.
Өзіңнен қалған мінез ақкөңілдік,
Жүре берем әйтеуір сақтамай кек.

Туыстан безіп рас кете алмаймын,
Сенімімнің терегін құлатпаймын.
Шаңырақтары шаттықтан шалқып тұрсын,
Тілегімді берсе екен бір Құдайым!



ТУРА ЖОЛҒА ТҮСІРДІ

Есіме алсам өмірдің өткенін де,
Бір сұрақ көмейімде кептелуде.
Неге қатал соншалықты тағдырым,
Кештіріп өмірдің өкінішті өткелінде

Алпыс жылдай аяулы арманым боп,
Ансағанмен әкемді көргенім жоқ.
Арқа сүйер әкешім болмағансон,
Өмірімде бұралаң жолдарым көп.

Қара бастың қамын ойлап күнделікті,
Өткердім бастан талай пенделікті.
Тағдырым тар жолдарда қалдырса егер,
Өзімнен басқа кінәлайын енді кімді?

Есті жиып елу жаста еңіредім,
Пендешілік екен-ау кей жүргенім.
Тура келді бұрылуға жүз сексенге,
Кеште болса осы болды түсінгенім.

Дегеніне сенбегенмін "өмірің - өз қолыңда".
Жанашырларды санаумен қас жауыма.
«Тәубе» дейін, тура жолға түсірді ақыр,
Ендеше, ризамын тағдырыма.

ӨТЕЛМЕЙДІ ҚАРЫЗЫҢ

"Ата-ана қадірін балалы болсаң білерсің",
Мағынасын мәтелдің кеш түсінді жүрегім.
Өмірден көрген өкініш өзекті өртеп жатқанын,
Басқаларға қайтейін, түсіндіре алмай келемін.

Өңгімесін есітіп екі жастан шошыдым,
Өкінеді айыптаумен ата-ана тұрмысын.
"Пәленшенің ата-анасы әперіпті" көлікті,
Қандай жақсы ата-ана бақытты ғой ол бүгін".

Осылайша кінә тағып аялаған ата мен анаға,
Түсінік жоқ, түйсік жоқ, баю ғана санада.
Түсінбеді ата-ананы еңбек еткен ерінбей,
«Қатарыңан қалма» деп бәрін беріп балаға.

Білмегендер өмірде аялаған ата-ана бағасын,
Жетесіздер дайын тұрар жыртуға жағасын.
Түсініндер, өтелмейді өмірде ата-ана қарызы,
Байлық қуып жастарым, қайда кетіп барасың?



БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ

Еркелікті ерте ұрлады тағдырым,
Содан болар сәл мұңдылау ән-жырым.
Сағынғанда әкем менен анамды,
Жанырымның тия алмаймын тамшысын.

Олар менің баға жетпес байлығым,
Олар менің жүректегі бар жырым.
Екеуі де ерте кетті өмірден,
Жетімдіктің тартты зарын тағдырым.

Ата-анаға түсіретін салмағын,
Мен жастардың түсінбеймін ойларын.
Орындауға ұмтылмай ма өздері,
Алдарына қойған мақсат, арманын.

Аямаған бар байлығын баладан,
Ұрпақтарын ертеңіне балаған.
Ата-ананың білу керек қадірін,
Ақ сүт емген, әке көрген әр адам.



БАҚЫТ ДЕГЕН ЕҢБЕКТЕ

Бәріне де шүкір дейтін қазағым,
Бұл заманда қайда кетіп барасың?
Байлық қуып, бақталастық жолменен,
Бір - бірінен асырмақ па бағасың?

Бір кезде ел қара нанға зар болып,
Қуанатын қалса қарны бір тойып.
Шүкір Алла заманымыз түзелді,
Жүрген жан жоқ қайыр тілеп, қол жайып.

Қилы-қилы білем заман өткенін,
Жанарда - жас, жүректе мұң кеткенін.
Өткен күннен сабақ алмай, дандайсып,
Дүниеқоңыз пенде болып кетпегін.

Бай болуды армандайсың талайың,
Арманыңды берсін оңнан Құдайым.
Байлықтың да берекесі болмайды,
Еңбекпенен терлемесе маңдайың.

ІНІЛІК

Сыпсың сөздер сырқыратып сүйекті,
Жүрегіме сөз найзасын түйрепті.
Аңқылдаған ақкөңіл ем қайтейін,
Қаттылыққа өмір өзі үйретті.

Момын болып мойындағам ақылын,
Ақыл айтып ұрысқанда жақыным.
Бұға берсең, сұға беріп сүңгілеп,
Төбемде ойнақ салмақ енді ақырын.

Бергені рас киналғанда қол ұшын,
Жақсылықтар жасағаны, бәрі шын.
Не дейсің – ау айналайын, ағайын,
Қарыздар боп өтемін бе сол үшін?

Жақсылықты ұмытпау бар қанымда,
Аманаты бар әкемнің атымда.
Сол аманат арамдыққа жібермес,
Жақсылардың жүрсем деймін жанында.

Жасамаспыз бұл жалғанда мәңгілік,
Нүктесіне барып тоқтар тіршілік.
Бас жарылып көз шыққан жоқ, ендеше,
Кештім аға, болсын менен інілік.

АМАНАТЫ БАБАЛАРДЫҢ

Бәрі-бәрі отбасынан басталар,
Түсінсе екен бұл сөзімді басқалар.
"Болашағым - бұлыңғыр" деп ойламай,
Іздеу керек бақыт үшін жол табар.

Өмір өзі тұрмайды ма күрестен?
Тағдырымен талайлар да күрескен.
Жалғыз өзің жете алмайсың мақсатқа,
Дұрыс болар ағайынмен біріккен.

Бастау керек барлығын да бесіктен,
Ауыр тиер ертеңгі күн кешіксең.
Басқа тілге, басқа дінге бұрылмай,
Бабалардың жүру керек ізімен.

Кездесе де сан қиындық әрталай,
Тура жолды іздей жүріп, шаршамай.
Ескі жолдан кетпеген жөн бұрылып,
Аманатын бабалардың ұмытпай.



БОРАН ДА ҚАЙТА СОҒАДЫ

Кім түсінер жүректегі зар - мұңды?
Ақ қағазға ақтарам бар сырымды.
Құдай-ау, жетесіздер қайдан шықты,
Ата-анасын көрмейтін адам құрлы?

Көкірегің кереді ұялмастан,
Естен шығып ұясы қанат қаққан.
Көпшілікке топырақ паша алмаймын,
Байқалады бірақ, бұл кейбір жастан.

Солар ма ата-анасын жөнге салар?
Одан да етпей ме қам бағып-қағар.
Перзенттік парыздарын ұмытқандар,
Ұмытпасын боранды қайта соғар.



БАҒАҢДЫ БІЛ

Біліп өскін, қарағым өз бағанды,
Өмірдегі орның менен шамаңды.
Өмір деген ақ-қарадан құралған,
Айыра біл жақсы менен жаманды.

Құр атақтың түбі қайыр болмайды,
Бос мақтаныш от боп лаулап жанбайды.
Сатып алған атағың да, даңқың да,
Ешқашанда ел жадында қалмайды.

Асып, тасып кетпеген жөн шамадан,
Қалған сөз бар бұрынғы өткен бабаңнан:
"Балдан артық тәтті болып көрінер,
Адалынан жейтін болсаң қара нан".



БӨЛМЕНДЕРШІ АДАМДЫ

Қиын екен адамдарды бөлектеген,
Өткізіп алғандай бір елекпенен.
Біреу бай, біреу кедей екені рас,
Өмірдің заңы солай дегенменен.

Қараған дұрыс адам келбетіне,
Байдан несі кем еді кедейдің де.
Ақшаның құлы болған байшыкештер,
Ар мен ұят қалмаған кеудесінде.

Байды көрсең жата кеп жалпақтайсың,
Өтірік болса-дағы көп мақтайсың.
Қолда-қайыр, жүректе мейірім жоқ,
Сол байды мақтағанмен түк таппайсың.

Кедейлердің көңілі жомарт келер,
Кедейшілік бір күні бастан өтер.
Байдың кедей болуы бір-ақ күнде,
Тарихқа үніл, "бекер" десең, мұнымды егер.

Адамның бұзылмасын ниеттері,
Кең пейіл, адал болсын жүректері.
Сіз – біз болып сыйласқанға не жетеді?
Онсыз да адам өмірі тым шектеулі.

ЖАЛҒАН ЖАРЫҚ

Білсемдағы өмірдің жалғандығын,
Жаза берем таусылмас арман-жырын.
Адам деген құпия әлем дейді,
Білу қиын сондықтан оның сырын.

Біреу жүр дос таба алмай сырласатын,
Сырларын шығара алмай қиналатын.
Досым деп сыр ашсаңыз кей адамға,
Болып шығар өзіңді сол шалатын.

Тістейсің өкінішпен бармағыңды,
Кімге жайып саласың жағдайыңды?
Бұл өмір біле білсең жалған жарық,
Жылтылтап тұратұғын жалғандығы.



КӨҢЛІМ ЖАС, ҚАЙТЕЙІН?!

Жасты сұрап желіктіріп кеткенін,
Қайтесің сен бұл көкеңнің өткенін.
Жас жігітке бергісіз жүрегі бар ағанды,
Білмей жатып шалға неге теңедің?

Тоқсанында Жамбыл қарт ғашықтығын жазыпты,
Жүректегі жырымен барлық сырын айтыпты.
Қайран біздің қарттар - ай, төсек тартып жатқанда,
"Қыз" деген сөз естісе бас көтеріп қалыпты.

Сондықтанда қарындас, жасымды енді сұрама,
Қозғағам жоқ бекер сөз Жамбыл баба жайында.
Жасқа тұрған ілініп ештеңе жоқ қарағым,
Жігіт болып қаламыз, көңіл жас боп тұрғанда.



СОЛ СҰЛУДЫ ІЗДЕДІМ

Еске түсіп кешегі бала кезім,
Сағынғандай болдым ба дала кешін?
Көз алдыма қайтадан келді неге?
Бүршік жарған алғашқы бала сезім.

...Бала едім ғой ешнәрсе ойламаған,
Ғашық болу ойыма келді қайдан?
Бір сұлуды көрдім де құлап түстім,
Басқа ешкімді байқамай айналаманнан.

Бара жатты ол сонда сылаң қағып,
Ал, менің көзім алды тұманданып.
Балалық па жетпеді батылдығым,
Бара алмадым қасына мен оқталып.

Сол қыз , сол шақ түсіме енді бүгін,
Жасырмайын өмірдің шындығын бұл.
Қаншама жыл өтсе де ұмытылмас,
Қияли елесі ме, бақытымның?!

Оралғанмен қайтейін ойға ғана,
Ешқашан қонбайды ол құс қолға мына.
Балалықтың тап-таза көңіліндей,
Шүкіршілік естелік болғанына.




ЗАҢ

Түсіндіре алмассың гүліңменен,
Шын сезім бар көзінде күлімдеген.
Гүл сыйлаудан ғашықтық басталады,
Басымнан өткендіктен соны білем.

Қиял кезіп ғашықтық сезімдермен,
Қыз алдында сан рет дірілдегем.
Қыз назын да түсінбей өкінгеннен,
Жүрегім талай менің тілімделген.

Бүгін сен де ғашыққа гүл сыйладың,
Білдірдің тұрғаныңды сүйіп жаның.
Жауапсыз қалғаныңмен сол бір сетте,
Рас қой, бақытты боп тұрғандығың.

Махаббат қиналудан басталады,
Бұл деген махаббаттың басты заңы.
Сезімге де жігітім, төзім керек,
Төзімдіге ғашықтық бағынады.




АЛДАНҒАН АРУ

Оттай жанып жүрегінде үмігі,
Ұнатып-ақ қалған еді жігітті.
Ойы-арам әлгі жігіт ақыры,
Алдап, арбап дегеніне көндірді.

Содан кейін ізін салмай жоғалды,
Солай алдап жүрген шығар талайды?
Сабағынан үзілген сол жас ару,
Айналаға мұңлы көзбен қарайды.

Не айтамыз арам ойлы сасыққа?
Көкірегі надан, топас, пасыққа.
Бір қуаныш көргенімен бір сәттік,
Қыздың жасы жібермейді алысқа.



АЛДАҒЫ АРМАН

Жүрегім бар ақкөңіл аңқылдаған,
Қиындық көрседағы мұқалмаған.
Көңілдің көкжиегін шолып өтіп,
Өлеңдерім арқылы ақтарылам.

Қондырдым ұл – ұяға, қыз – қияға,
Бақыттың жанды шамы отбасымда.
Жетпеген армандарым әлі де көп,
Жетсем болды алдағы арманыма.



САБАҚ

Еске түсіп бал сезім бала күнгі,
Сандығымда сақталған ашсам сырды.
Қызға ғашық болғанмен айта алмадым,
Сезім ұяң болды да ең алғашқы.

Қодар болып үйінде құдық қаздым,
Қорасын жөндеуші едім жазғытұрым.
Әкесі де әзіл-шын ара-тұра,
"Берем" деп қоятын-ды маған қызын.

Қыз сұлу көрінетін Қыз Жібектей,
Мені көрсе жүретін ол да үндемей.
Қатар құрбы болғанмен сөз айтуға,
Жүрек шіркін қалды ғой дауаламай.

Әскерде жүріп қана жолдадым хат,
Бәрі де кеш екенін ұқтым бірақ.
Бұл кезде ол келіншек боп кетіпті,
Сонымен аяқталды бұл махаббат.

Өзгелерге бұл сабақ болу керек,
Бозбала үлгі-өнеге алу керек.
Ғашық болып қалғанда, іштен тынбай,
Темірді қызған кезде соғу керек.



ҚАРЫНДАС МҰҢЫ

"Махаббаттың құны маған көк тиын",
Деді -дағы қарындасым шақты мұң.
Мен тыңдадым сөгілердей қабырғам,
Қарындастың қамығумен айтқанын.

Қандай жігіт қалдырды оның көңілін?
Қандай жігіт бүлдірді оның өмірін?
Жігіт деуге жарамайтын мігіттер,
Сөндіреді қыздың солай сенімін.

Қарындастың маңдайынан сипадым,
Жамандыққа оны әрине қимадым.
Қыз сезімін таптағандар бір күні,
Білем анық ар сотында тұрарын.

Қызық қуып жүрген кезде бескүнгі,
Көп жігіттер аһ ұрғанын кеш білді.
Қыз жылатып оңған ешкім көргем жоқ,
Қыздың жасы жібермейді ешкімді.



КӨҢІЛ

Түсінбеді ол менің мінезімді,
Қапа қылып күнәсіз көңілімді.
Қолымнан келмейтұғын дүниеге,
Білмеймін, кіналайды неге мені?

Қиын екен қалса егер көңіл деген,
Осы болды ұққаным өмірден мен.
Қаншалық көңіл-мырза болса-дағы,
Қысқа жіп күрмеуіңе келмейді екен.

Бірге жетіп, біріне жетпей жатыр,
Байлық пенен кедейлік жолы қатар.
Кедейдің көңілі көл болып тұрса,
Байлардың бар болғанмен, көңілі -тар.

Қолымнан келіп тұрса аянбаймын,
Белгілі де жәйт қой талайға бұл.
Қалтамнан қысқанменен ей, тағдырым
Көңілін бере көрме сараң байдың.



Адам көңілі бірде – көл де, бірде – шөл,
Шөлдегенді көре қалсаң, сусын бер.
Бір тамшының дәмін ұмыт етпеген,
Өмір бойы сені мақтап "жомарт" дер.

Адам көңілі алай-дүлей болса егер,
Басу айтып, сабырына алып кел.
Сабасына түскен ерің соңынан,
"Мына кісі тұнып тұрған ақыл" дер.

Адам көңілі қайғы-мұңлы болса егер,
Жан жарасын жылы сөзбен жазып бер.
Сол жігітін риза болып Сіз жайлы,
"Қиналғанда демеу болған ағам" дер.

Адам көңілі шабыттанып тұрса егер,
Қуанышқа шын қуанып шыға кел.
...Толқып тасып тұратұғын әрқалай,
Адам көңілін ұғу деген - ұлы өнер.



ЕКІЖҮЗДІ

Түсінбеймін жақсылықты түсінбейтін наданды,
Саналары сондай саяз адамды.
Күні үшін күлімдейді, айласы көп түлкідей,
Содан кейін көрсетпейді қарасын.

Жомарт жандай көрініп кең пейілді,
Күліп қана алдайтын сенген елді.
Сөзі – сылдыр, өзі – бұлдыр мұндайлар,
Адамдар ғой білгенге екіжүзді.

Ондайларды жуытпай қатарына,
Іргенді аулақ салып жүрші, бота!
Ондайлар тек сені емес, кезі келсе
Сатып кете алады Отанын да.



Жаныма дос таба алмай байтақ елден,
Жүргендей сезінемін өзімді мен.
Сыр шертіп мұң тарқатар досым болса,
Армансыз шемен-шерді тарқатар ем.

Өттең, шіркін шын достың жоғы жаман,
Көңілім қалды көптеген адамдардан.
Бетке мақтап, сыртыңнан күлмейтұғын,
Жігіттің нарқасқасын қайдан табам?



ҚАРИЯНЫҢ САҒЫНЫШЫ

Көнген едім қатігез тағдырға да,
Кім кінәлі маңдайға жазылғанға?
Несіне "немерем" деп мақтанайын,
Еркелеп мойныма кеп асылмаса?

Сыртым бүтін болғанмен, ішім түгін,
Жылап жатқан жүректі түсінер кім?
"Әке" деген бір сөзге зар боп өстім,
Сағындым - ау қылығын немеремнің.

Немере - өз ұлыңнан тәтті деген,
Жан берсем де ботама өкінбеуші ем.
Аңсап күткен немерем енді сені,
Көңілім құлазиды көрмегеннен.

Көрмедім қадамыңды тәй-тәй басқан,
Қайтейін жастарымды жолы адасқан?
Тағдырыма қайтемін босқа налып,
Алыс еткен немере - тамашадан.

Ей, өмір мені тағы сынадың-ау,
Таусылып бара жатыр шыдамым-ау.
Маңдайынан иіскейін немеремді,
Сағыныштан сарғайып барамын-ау.

ҚИЫНДЫҚҚА ҚИНАЛМА

Кездессең қиындыққа қиналасың,
Көнесің де шынығып, ширьғасың.
Сезгенде жан жүрегің қан жылайды,
Маңдайыңнан ешкімнің сипамасын.

Қиналу, қиындықтан мен де өттім,
Талай-талай өкініш күйін шерттім.
Бәріне соның қарсы тұрғандықтан,
Ішінде жүрмін қазір қалың көштің.

Сүйрелеумен келемін өз арбамды,
"Қалдырсам" деп соңымда өз таңбамды.
Түзеуге болмайтұғын қателік жоқ,
Қиындықта үйрендім қиналмауды.

Бетке басып біреулер өткенімді,
Көре де алмай жатады жеткенімді.
Солар неге кезінде бөліспеген,
Қиналып жүрген сол бір сәттерімді?!

Қиындықтар кездесер алдымнан сан,
Кім болғаным егерде жеңе алмасам?!
Сен де досым, қиындық кездескенде,
Қиналып, жүнжіп кетпе, жігіт болсаң.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Бала кезден мінезім көпшіл еді,
Жалғыздық жанды бүгін еншіледі.
Қайда кетті кешегі мыңдаған дос?
Жабықтырып, қинайды осы мені.

Түсіне алмай кей кезде өзімді-өзім,
Ешкім керек етпестей сезінемін.
Сырынды айтып сыйласар адам таппай,
Қалғандаймын өмірде жалғыз өзім.

Сырласарым мұндайда - өлең ғана,
Өлеңіммен сыр ашам адамдарға.
...Құтқаратын жалғанда жалғыздықтан,
Қуат берсін Тәңірім қаламыма.



Адам алға ұмтылар арманменен,
Заманнан озық тұрған ойларменен.
Әйтеуір күн өткенге мәз болатын,
Арманы жоқ түңілем жандардан мен.

Армандайсың, көп нәрсе қиялдайсың,
Кейде мынау ғаламға сия алмайсың.
Армандаған әрине, ұят емес,
Армандарың тек қана алдамасын.



КІНӘЛАМА

Бойымнан менің іздеме ұлым, кінәні,
Тағдырым мені сынауындай-ақ сынады.
Жылылық іздеп таба алмай жүрдім сан рет,
Тоңдырған сәтте өмірдің суық, ызғары.

Ақыл беретін әке-шешем де болмады,
Мейірімсіз ажал оларды ерте жалмады.
Күрестім жалғыз тәлкегімен тағдырдың,
Иыққа түсіп өмірдің барлық салмағы.

Адасқан рас сәттерім менің жетерлік,
Таясың жолдан жіберсең егер қателік.
Құлдырап, түсіп кетпеу үшін де құлыққа,
Өз көңілімді жүрдім ғой өзім көтеріп.

Адастым, бірақ, бастадым өмір қайтадан,
Өзімше мұны мықтылығым деп те айта алам.
Сүрінгенменен бүлініп кетпей біржола,
Орнымды таптым өзіме лайық ортадан.

Ойланбай неге сынайсың балам, әкенді?
Бұл әкен сенің еркеліктеріңді көтерді.
Тар жолмен жүріп, тайғақ кешумен шындалған,
Іздеме менен, іздеме менен кінәні.

ҮМІТІҢДІ ҮЗБЕГІН

Жата алмаймын үйде тыныш,
Кеудемде тарылғандай болып тыныс.
Інішегім, өзіңе алаңдадым,
Жаныма болғаннан соң жақын туыс.

Сыртқа теуіп жатады неге өмір?
Жан болдың-ау қарағым, тұзың жеңіл.
Бойыңда қайратың бар тау қопарар,
Шындасаң жібергендей үзіп темір.

Өкінесің, "жүр ғой -деп - жолым болмай".
Кей ісіңе қалса да көңлім толмай.
"Алғы күннен үзбе - деп - үмітіңді",
Айтып келе жатырмын ақыл ұдай.

Қолыңды айға созасың аспандағы,
Күреспеген ауаны бос қармайды.
Тағдырға қарсы тұрар күрескер бол,
Сонда басқа қонады бақ та мәңгі.

БІРЛІКТІ БОЛҒАНДАРҒА БАҚ ЖОЛЫҒАР

Қара мысық өткендей арамызда,
Сыйластықтан алыстап барамыз ба?
Өткен күннен ешқандай белгі қалмай,
Салқындық, сызат түсті арамызға.

Жеріміз жоқ бас жарып, көз шығарған,
Тоғыз пәле келеді тілден жылдам.
Ағайынды адамдар араласпай,
Тонтеріс жүргендері қандай жаман?!

Жалғанда қалар кім бар мәңгілікке?
Сыйластықпен жүрейік бірге өмірде.
Ағалы-інілі болып жарасымды,
Жүруге міндеттіміз бұл тірлікте.

Ата-баба рухы да соны қалар,
Бірлікті болғандарға бақ жолығар.
Жұбымыз жазылмасын бұдан былай,
Үлгі алсын бізден ұрпақ, жас балалар.



ӨКПЕЛЕМЕ

Неге жаным, ағаңа өкпелейсің?
Жөнің қайсы соншалық өкпелейтін?
Сиқырлы таяқшам жоқ білесің ғой,
Түсінсей жай-күйімді сен де менің.

Өзім де талай мәрте киналғанмын,
Бірақ, қалқам, ешкімге қол созбадым.
Өз тірлігін жасайды әркім өзі,
Кезің жетті осыны ойланатын.

Болса да көңіл-теңіз, қолым қысқа,
Сондықтан ренжіме ағаңызға.
Сұрағанға суырып беретұғын,
Ішіңер ештеңе жоқ қалтамызда.

Кіналама сол үшін мені бекер,
Бермесем сөз басқа ғой бар боп егер.
Көңіл - таза, жүрек - ақ, құшақ – ашық,
Жан жылуын кім бірақ, іздер екен?



Жеткенімнен көп әлі жетпегенім,
Бір биікті бетке алып беттегенмін.
Өлең деген ауылдың төріндегі,
Ұлы Абайдан қорқамын, сескенемін.

Шындықты айта алам ба, Абай сынды?
Жырлап өту мүмкін бе адалдықты?
Тілгілеп тастайтындай қуат бар ма?
Қоршаған айналада надандықты.

Ұлы Абай "сөз патшасы - өлең" деген,
Өмірді жырлап өтті ол өлеңменен.
Ақын деме ендеше сен де, ағайын,
Татымды сөз таппасаң егер менен.



АҒАМА

Ардақты ағам өзіңсің арқа сүйер,
Бір шаңырақ астында өтгі күндер.
Кеше ғана қара нанды бөліп жедік,
Анадан тыңдап ақыл: "бөлінбеңдер".

Екеуміз баласымыз бір ананың,
Аяқасты етпейік аманатын.
Сыйластықтың арасына түскен сызат,
Шаруа болып-ақ тұр ұялатын.

Бнтымағы ұйыған бала күннің,
Өмір-ай, әрбір сәтін сағындырдың.
Сол шақтан кеткен болсақ алпақтап біз,
Не дейміз рухына анамыздың?



БАҚЫТТЫМЫН

Шүкір, шүкір көргенім жеткілікті,
Қызық та, қиындық та бастан өтті.
Талай рет суріндім, құламадым,
Жүру үшін көтеріп өр кеудемді.

Жасым тамған кез де болды жанардан,
Кейін қалып көргенім жоқ қатардан.
Бір адамдай өмір сүріп келем мен,
Өзіме сай орын тауып ортамнан.

Бақытыма өмірімді балаймын,
Маңдайына бұйырмаған талайдың.
Жарық нұрдан қуат алған бойына,
Бақыттымын, бақыттымын ағайын.



Арзанға бағалаған адам құнын,
Бір зауалы шығар-ау заманымның.
Арамдық, айлакерлік, арамзалық,
Амалына айналды жан бағудың.

Өркім өзі сүйретер өз арбасын,
Дегенмен, жан жүрегің таза болсын.
Адалға қара күйе жаға салу,
Үйреншікті әдетке айналмасын.

Шындықты тура айтқаннан көзіне тік,
Кісінің түспек емес көңіліне дық.
Өтірікті ту етіп, өзімізді,
Тасадан тас атқандай сезінбейік.

АДАЛ КЕЛІН

Есімде әлі келін болып түскені де,
Ризамын бұл келіннің істеріне.
Түсі жылы, сыпайы, инабатты,
Шуақ шашып тұрады күлкісі де.

Дегендей-ақ, келіннің аяғынан,
Осы сөз келе жатыр баяғыдан.
Береке, бірлік келіп шаңыраққа,
Жылу көрдім інінің ұясынан.

Бәрі-бәрі келіннің арқасында,
Түспегені шаңырақ ортасына.
Жел тұрып, керегесі шайқалғанда,
Ұстап қалды келінжан уысында.

Қиындыққа қиналмай төзе білді,
Шешілмеген шаруаны шеше білді.
Көтерем деп осы үйдің шаңырағын,
Талай түн, талай күндер көз ілмеді.

Төгіп жүрді келінжан мандай терін,
Қадірлеп, құрметтеп сүйген ерін.
Басқа келіп қонған бұл Бақыт құсы,
Арды биік ұстаған адал келін.

ПЕЙІЛІ КЕҢ

Бір досым бар кеніштерде еңбек еткен,
Еңбекпен болған әркез мерейі үстем.
Жұмысшыдан бастаған еңбек жолын,
Ақыры, міне, озып шықты елден.

Сеніп оған тапсырды бөлімдерді,
Сенімді ақтағанын елі көрді.
Қатарынан шықты да оза шауып,
Алғыс алып, астына тұлпар мінді.

Үйінде тоқсандағы анасы бар,
Рахат көріп жүрген баласынан.
Кеншілердің бөленген құрметіне,
Пейілі кең осындай бір досым бар.



ЖОҒАЛМАСЫН СЕНІМ

Қиын екен жоғалса сенім деген,
Алдап кетсе адамың сеніп жүрген.
Уәдені үйіп-төгіп бере салып,
Кісідей боп жүреді дым білмеген.

Үндемей, тілін жұтып алғандай боп,
Төмен қарап тұрғанда жауабы жоқ.
Таңқаласың өкініп іштен бірақ,
Айтылған сөз емес пе атылған оқ?

Жоғалады содан соң сенім деген,
Алдап-сулап қашанғы жүреді екен?
Ештенге бөліп-жарып бермесе де,
Көңілім қалмаса екен сенгендерден.



ІНІГЕ АҚЫЛ

Байқалса саған деген қаталдығым,
Бұл менің ақ жүректен адалдығым.
Тегіс жолдан тайғанап бұл өмірде,
Көрдің інім, өмірдің талай сынын.

Сынаққа алып өмір пенделерді,
Несібесін артық не кем береді.
Жолаушының алдында сан жол болар,
Өз жолын таппай талай сенделеді.

Шалыс басып жатады қателесесіп,
Сүріну, жаңылу да дұрыс делік,
Теріс жолға бір түссең, жүре бермей,
"Адасқанда айып жоқ" түзеу керек.

Білемін өткеніңнен сабақ алдың,
Күйзелгенін сеземін сенің жаның.
Адамның арманы жоқ жете алмайтын,
Қайраттанып, қайтадан баста бәрін.

Деген бар: "Өз өмірің өз қолыңда",
Бұл сөздің ой жібергін ар жағына.
Күресіп тағдырыңды жеңіп шықсаң,
Шаттықтың күйі шалқыр шаңырағыңда.

Өткенің бәрі сонда ұмытылар,
Алдыңнан ақжарылқап күнің туар.
Кемшілік кім де болмас, бірақ оны
Жігіттердің жігіті түзей алар.

Ауыр күннің бәрін де артқа тастап,
Жүрсің інім, қайтадан өмір бастап.
Жастықтың жалынына өртеп өткен,
Өзек өртер өкінішті өттің аттап.

Алдыңа қойған анық мақсатың бар,
Қиналсаң демеу болар аяулы жар.
Осы алған бағытыңнан жаңылмасаң,
Өмірдің жолығарсың бағына зор.



ЕҢ ӘДЕМІ ГҮЛ

Өмірімде талай-талай гүл тердім,
Бәрі де әсем көрінуші еді гүлдердің.
Сол гүлдерім бұл-бұл ұшып көзімнен,
Ей, өмір-ай, неге сонша өзгердің?!

Гүл-теңіздің жағалауы құрғады,
Көктемімді қоңырқай күз ұрлады.
Өмір деген жыл мезгілі секілді,
Алмасады, бір орында тұрмайды.

Гүл теретін шақтар кейін қап бүгін,
Алау жастық баскандай бар аптығын.
Асыл жарым - ақ бәйбішем үйдегі,
Ең әдемі гүлім де сол тап бүгін.



БОЛАЙЫҚШЫ БІРЛІКТЕ

Бұл жалғанда өмір сүріп жатқасын,
Біреуге ұнап, біреулерге жақпайсың.
Не жетеді сыйластыққа, ендеше,
Ашық тұрсын сыйластықтың қақпасы.

Кездескенмен ара-тұра пенделік,
Ынтымақпен кетер бәрі жөнделіп.
"Бірлігіміз нығайсын" деп, сол үшін,
Кінәліні кешірмейтін ел ме едік?

Ой қозғадым келгенінше шамамның,
Желі оңынан соға берсін заманның.
Адамдары жүру үшін алаңсыз,
Бірлігіне не жетеді қоғамның!




МАХАББАТ МАЗАҒЫ

Алпысты алқымдаған жасыңызда,
Ай дидар ақ бәйбіше қасыңызда.
Жүргенде жаңылдыңыз жолдан неге?
Сақина тілегендей сау басына.

"Жас келіншек шақырды мені" дедің,
Сол сөзді естігенде күліп едім.
Байқағаным, азабын махаббаттың,
Мәңгілік арқалауға сенімді едің.

Ал, енді не боп шықты ақырында,
Бармағыңды тістелеп отырсың ба?
Ақиқат пен жалғанды айырмаған,
Алпыстағы болайын ақылыңа.

Алдандың ба, сауап болсын өзіңе,
Өкінесің, өткен іске несіне.
Махаббаттың бұл мазағын есіңе ал,
Жас келіншек шақыратын кезінде.



АР-ҰЯТЫМ ЖОҒАРЫ

Жүрегім бар тілімделген, жаралы,
Өтті өмірдің өксіп талай парағы.
Қайғы-мұңға қажысам да, бәрібір
Ар-ұятым биік тұрды жоғары.

Егер дүние байлап алса сананы,
Мұндай жандар түбі кесір табады.
Арын сатып, ұятынан безініп,
Адамшылық адыра боп қалады.

Аз болса да бөліс қолда барыңды,
Қарабас пен ойлай берме қарыңды.
Дүние мейлі жетпей жатсын, жетпесе
Бірақ, әркез биік ұста арыңды!

Жалықпадым жақсылық жасауға мен,
Жан біткеннің бәрін де досым көрем.
Таңдау түссе байлық пен жақсылыққа,
Жақсылықтың аулына асығар ем.

Арқау етіп әлдебір әңгімеге,
Өз-өзін жарнамалап алды деме.
Жан-жағыма жақсылық жасамасам,
Жақсылық деп атымды қойды неге?



Адам неге тым жылдам өзгереді?
Танымады кешегі көзкөргенім.
«Көзкөрген» деп қалайша айтам оны?
Ұмытып шыға келсе бір жүргенін.

Өте шықты жанымнан танымастай,
Көңілімді басты да алып ұшқан.
Ренжіткен кезім еш болған емес,
Жолымнан кезім жоқ-ты жаңылысқан.

Қылығы сондықтан да болды қызық,
Мінезі де емес-тін тентек, бұзық.
Есітіп қалған едім рас бірде,
"Қолына тұрады - деп "қарға тышып".

Ұртының көтере алмай майланғанын,
Сезе қойдым сырт беріп айналғанын.
Дегенмен, көзкөргенге өзгермеуді,
Қалар ем сол жігіттің ойланғанын.

ЖАЛҒЫЗ ТЕРЕК

Бар еді үй алдында жалғыз терек,
Аулаға көрік беріп тұратын ед.
Жапырағы жайқалған сол теректің,
Демалып саясында отырар ек.

Қурап та қалған шығар сол терегім,
Соңғы рет жеті жаста көрген едім.
Жарты ғасыр өтсе де есімде әлі,
Жанында ойнап талай жүрген кезім.

Тамырын жібергесін тереңге тым,
Нәр алып Жер-Анадан көгеретін.
Өзі жалғыз болса да, саясымен,
Көңілінен шығушы еді көпшіліктің.

Ұқсатам сол терекке өзімді мен,
Тағдырға тұрдым қарсы төзімменен.
Ұрпағымды балаймын жапыраққа,
Теректі сымбатты еткен сәніменен.

ҚАЙДА КЕТІП БАРАМЫЗ?

Бәріне де «шүкір» дейтін қазағым,
Бүгіндері қайда кетіп барасың?
Байлық қуып бақталастық пейілмен,
Ұмытқандар көбейді ғой тобасын.

Өтті бабам үзім нанға зар болып,
Табылмаған сәттер болды емге азық.
Соның бәрін есіне де алмайтын,
Кейбіреуді түсінбеймін таңданып.

Еске алайық қиын заман өткенін,
Жанарда жас, жүректе мұң кеткенін.
"Байтал түгіл бас қайғы" деп айтқандай,
Жоқшылықтан бабаң қайғы шеккенін.

Бай болуды армандайсың талайың,
Бірақ, мұның жөні бар ғой, ағайың.
Елің үшін еңбек етсең ерінбей,
Бақытыңды сол еңбектен табарсың.

Ойланайық, қайда кетіп барамыз?
Ұрлық-қарлық, байлық болып санамыз.
Қарны ашқанмен, қашырмаған қадірін,
Қанағатын ұмытпаған бабамыз.

ЖОҒАЛМАСЫН СЫЙЛАСТЫҚ

Көресің жақсыны да, жаманды да,
Көнеді пенде байғұс тағдырына.
Адам деген қалай тез өзгереді?
Бұл сұрақтың таптырмас жауабы да.

Қолыңа су құя алмай жүрген кеше,
Қарайтын болыпты енді шекесінен.
Қарынына аз ғана май біткенге,
Менсінбеумен қарайды елге мүлдем.

«Адам күні - адаммен» деген қайда?
Бабалар даналығын ойламай ма?
Дүниенің мас болғанмен буына аз күн,
Жоғалмасын сыйластық ешқашанда.



ӨМІР

Қиын екен расында өмір деген,
Қателесер жеңіл ойлап, жеңіл жүрген.
Ғұмырдың талтүсіне жеттім бірақ,
Әр күнім өтіп жатыр күреспенен.

Бірде жасы жанардың тамшылайды,
Бірде көңіл күн болып ашылады.
Қызығы мен қиыны қатарласқан,
Өмірдің ойлап тұрсам сол ғой мәні.

Өмірге адам келеді бір-ақ рет,
Тағдыры не сыйласа, бәрін көред.
Қызығына қуанып, қиындыққа,
Шыдай алмай мүжілсек, кім болар ек?



* * *

Өкпем жоқ қой әрине, өткеніме,
Тамаққа аздап өксік кептелуде.
Өлең мені кешіре алар ма екен,
Соншалықты кешігіп келгеніме.

Кенші болдым, тереңнен кен қопардым,
Алды болдым кеніште қатарымның.
Өкінішім - ақындық, кеншіліктің,
Жүре алмадым екеуін қатар алып.

Ақындығым он үште басталды анық,
Қанда бар кетпейді екен еш жоғалып.
Әкемнен қалған қасиет елуімде,
Өзімді іздеп тапты қайта айналып.

Кеш деген жақсы емес пе еш дегеннен,
Бақытымды бәлкім, кеш көрермін мен?!
Кеш келсе де жанымның бөлшегіндей,
Айырма енді Тәңірім, өлеңімнен!

* * *

Неге үзілді сыйластықтың жіптері?
Қайда ұшты екен татулықтың кептері?
Кеше ғана қыл өтпейтін арада,
Мүмкін емес қалмағаны еш белгі.

Үміт оты өшкен емес жүректе,
Қойылмасын сыйластыққа еш нүкте.
Көңіл шіркін әлденеге алаңдап,
Бала күннен қалған ізді іздей ме?

Кездескенде жайып құшақ, жаркылдап,
Жүретұғын қайда күндер, жаркын шақ?
Ойлап-ойлап өрем жете қоймады,
Не себепті кетті арамыз салқындап?

Алған едің қанатыңның астына,
Ризамын көрген сенен сол сыйға.
Жерім бар ма, ұятқа бір қалдырған?
Әлденеге әлде көңілің қалды ма?

Аманаты мойынымда бар әкемнің,
Ала жібін аттамадым ешкімнің.
Жақсылықты ұмытатын мен емес,
Жақсылыққа толы менің жүрегім.

Қайта жалғап сыйластықтың жіптерін,
Көңілдердің қайта ұшырып кептерін.
Аға-іні боп жүрсек екен екеуміз,
Шын жүректен осы менің тілегім.

ҮМІТІҢ ӨШПЕСІН

Шыр егіп жерге түскенде,
Ғажайып өмір күткенде.
Әкем сыйлап өмірін,
Алмастырып орнын кеткен бе?

Өмірдің өткен өткелі,
Өткелді кімдер кешпеді.
Балалық балғын шағымнан,
Бақытым мені шектеді.

Жетім қалдым тоғызда,
Жар болды Құдай жалғызға.
Ұмтылып алғы күндерге,
Қарсы тұрдым тағдырға.

Болуға ұмтыл шыдамды,
Тыңдасаң мынау ағаңды.
Жігерінді жанып күрескін,
Мақсаттарыңа алдағы.

ӘДЕМІ ӨЛЕҢ ЖАЗЫЛСА...

Алға сүйреп жүргесін армандарым,
Көңіл сырын өлеңмен ақтарамын.
Әдемі өлең жазылса, қуаныштан,
Жүрегім жарылуға шақ қаламын.

Біреулердің байқаймың күлетінін,
Сыртымнан өсек айтып жүретінін.
Кімнің аузын жабасың... айта берсін,
Өз шындығым өзімде... білетінім.

Көңіл -газа қашаннан жүрегім –ақ,
"Әуелден аққа Құдай - демей ме - жақ"?
Бір Құдай талабымды оңнан етсе,
Әдемі өлеңімнен табамын бақ.



ТАҒДЫР

Тағы да салып жатыр тағдыр салмақ,
Отырмын сондықтан да қаным қайнап.
Бірі тартып етектен, бірі жеңнен,
Кетеді кейбір жәйттер жанды қинап.

Мен секілді тағдырмен күресер кім?
Мың өліп, мың бір мәрте тірілгенмін.
Түйткілі таусыла ма тіршіліктің,
Еліме - нұр тілеймін, жеріме - гүл.


Дегені болады рас бір Алланың,
Дегенмен, күреспей де қала алмаймын.
Өзімнің қиналғаным түк етпейді,
Алғысын алсам болды адамдардың.



ПЕНДЕЛІК

Пендесіміз жаратқан бір Алланың,
Пенделіктің жасадық бар амалын.
Пенделердің артады парасаты,
Тура жолын таңдаған Жаратқанның.

Кездеріміз аз емес қателескен,
Қай күнә жасамадық пенделікпен?
Талай пенде арылды-ау күнәсінен,
Алланың аппақ жолын таңдай білген.



"МЕН" ДЕП БӘРІ КӨКІРЕГІН СОҒАДЫ

Бара жатыр ой-санамыз төмендеп,
Дәйімі мен жүрем соған елендеп.
"Мен" деп бәрі көкірегін соғады,
"Барлығында жалғыз өзім білем" деп.

Таласады білмеске де, білгенге,
Ұялмайды "тек менікі жөн" деуге.
Мәз болады өз-өзіне содан соң,
Өзін-өзі білгіш санап жүргенге.

Нағыз дана, озық ойлы, шын ғалым,
Қазағымның білем талай ұлдарын.
"Мен" деп соның бірі кеуде ұрмаған,
...Айтқызбай-ақ ұға салшы аржағын.

САН СЫНАҚҚА ТҮСSEM ДЕ...

Қарапайым қалың қазақ бірімін,
Кешегі өткен Адамбектің ұлымын.
Елім, жерім, Ұлы Отаным - арқауы,
Жүрегімнен жарып шыққан жырымның.

Жетелейді алға аппақ ойларым,
Өмір ғажап, қызығына тоймаймын.
Күндіз – түні тыныштық жоқ жүректе,
Маза бермей жазылмаған жырларым.

Өтті күнім "Алпыс бесте" кенші боп,
Бір кеншідей еңбек еттім азды-көп.
Забойдағы ерен еңбек, төккен тер,
Абыройсыз болған ешбір кезім жоқ.

Қонағымыз мынау өмір жалғанның,
Көретұғын басқа тағдыр салғанын.
Өмір қанша сынағына салса да,
Адам болып қалу - менің арманым.

ІНІШЕККЕ

Неге інім, менен теріс бұрылды?
Дүниенің қызығына құнықтың.
Бай болғанның жөні осы екен деп,
Қалай сенің хабарласпай жүргенің?

Бір патшамыз кетерінде о дүниеге аттанып,
Шақырып ап уәзірін айтқан екен шаттанып.
"Ертең күні табытқа сап шығарарда қазамды,
Қос қолымды қойыңдаршы шығарып.

Жарты әлемді жаулап шауып алсам да,
Мен де бүгін кетіп барам арманда.
Жиган алтын, күміс, інжу, гауһардың,
Барлығы да қалды мынау жалғанда".

Сен де ертеңді ойлай жүргін, інішек.
Дүниеге бола бермей үйіршек.
Аз күн жалған сыйластықпен сәнді ғой,
Көбіне-көп ескермейміз соны тек.

СҮРІНГЕНДІ СҮЗГІЛЕМЕ

Неге осы сүрінгенді сүзгілейміз?
Тағдырын ол адамның түсінбейміз.
Жаны ауырған демеу болып сол жанға,
Пайдамызды неліктен тигізбейміз?

Жан бар ма бұл жалғанда сүрінбейтін?
Сүрініп, шыбын жаны күйзелмейтін?
Тұқырта бергенше оны осындайда,
Іздейікші күйзелістен шығар жерін.

Тұяғы да таяды тұлпарлардың,
Жаңылады тілі де ділмарлардың.
Сүзгілеу емес, қайта демеу болу,
Сүрінгенді емес пе қолдағаның?



АЛТЫН АРҚАУ

Екі бөлген бала – ата-ана арасын,
Ей, Заманым, қайда кетіп барасың?
Немеренің ести алмай шүлдірін,
Шалдың көңілін тербетеді нала, мұң.

Кінә кімнен заманнан ба, адамнан?
Қанша ойласам бір жауабын таба алман.
Қазіргінің келіндері ұққаным -
Ата-енені жақтырмауға жаралған?

Келін түсіп шаңыраққа жеткенде,
Жар саламыз: – той болады – деп – менде.
Бір ғажабы, күтіп жүрген сол келін,
Асығады бөлек шығып кеткенше.

Болды солай, бөлек кетті ұл-келін,
Неміз жақпай қалғанын да білмедім.
Немеремді бір иіскеуге зар болып,
Көрмейсің бе, енді міне жүргенім.

Өкпе артқанмен келінге де, ұлға да,
Бүгінгілер мұндайыңды тыңдай ма?
Оларды да кете алмайсың жек көріп,
Алтын арқау - немереңіз тұрғанда.

ӨЛЕҢІМ МЕНІҢ – ӨМІРІМ

Кіналайсың өлеңдерің мұңды деп,
Мұңдарымның ойласаңыз сыры көп.
Сыртым бүтін көрінгенмен білгенге,
Өмір мені жабырқатқан көбірек.

Өлеңіммен жан жарасын емдегем,
Көңілімде жүрген мұңды сергітем.
Мазалаған ойларымды жанымды,
Өлеңімнен басқа айтамын кімге мен?

Сырласыма айналды да бұл өлең,
Бар сырымды жайып салам соған мен.
Мына өмірден алғанымды жоғалтып,
Өлеңімнің жолдарынан табам мен.

Өлеңімді өміршең етсем деймін,
Ұрпағымнан ұрпаққа жетсе деймін.
Шер тарқатып, мұң қозғап, сырды толғап,
Өмірімді өрнектеп өтсем деймін.

Асқар таудай алдымда мол арманым,
Өлеңімдерім шертеді талайға сыр.
Өлең менің айналды өміріме,
Өмірімді бағала, ей, ағайын!

ҚАРЫНДАСЫМНЫҢ СӨЗІ

Дейсің маған: – Сенен басқа кімім бар?
Бұл сөзіңнің астарын мен ұғынам.
Бір туғанмен, бірге жүрмек жоқ екен,
Екеуімізді екі бөлді тағдырлар.

Көп жүрмедік бір шаңырақ астында,
Бола алмадым, жүре алмадым қасыңда.
Қарындастың белгілі ғой жағдайы,
Бақыт болып жаратылған басқаға.

Қанша жылдар өткенменен арада,
Бірге жүрген шақтарымыз санамда.
Талайлардың тәлкегіне түскенде,
Қамқоршым сен болып едің, жан аға!

Еркелеумен жүруші едім өзіңе,
Сол бір күндер түсе береді есіме.
Жүрегімнің төріндесің, ағатай,
Сағынумен жүр ме екенсің, мені де.



ТУЫСТАРЫМ

Жаным бөлек өздеріңе, туыстар!
Демеңдерші жүрегінде қуыс бар.
Жақсылықтың ауылында жүздесіп,
Жүргеніміз дәйім біздің дұрыс нақ.

Бір туыс жүр араздасып өкпелеп,
Төмпешіктен тау жасаймыз текке көп.
Басы жұмыр пендеміз ғой жаралған,
Жүректерде сақтамайық босқа кек.

Ұмытпайық ескірген бір мақалды:
"Өз туысың көре алмайды талайды".
Бас жарылып көз шыққан жоқ, ендеше,
Бауыр бүтін болып тұрса, жарайды.



МҮМКІН ЕМЕС...

Өмір - өктем өз дегенін істеді,
Өкіндірді оның алыс кеткені.
Неше жылдар, неше айлар, неше күн,
Арамыздан нендей қызық өтпеді?

Сыйластыққа сызат түсті неліктен?
Әлде өзінді мен танымай келіп пе ем?
Арамыздың суығанын кімге айтам?
Қалай қиып кете бардың мені сен?

Жолымыздың екі айрылып кеткені,
Маған күн-түн мүлде маза бермейді.
Мүмкін емес, бұлай болып кетуі,
Сыйластыққа ештеңе де жетпейді.



ӨСЕК СӨЗДІҢ КЕРЕГІ НЕ?

Талай-талай сыпсың сөз ерді маған,
Аңқылдаған көңілімді қаралаған.
Сөздер кейде сүйектен жатады өтіп.
Жүрегімді аяусыз жаралаған.

Айналып біреулердің "керегіне",
Ерінбей өсек сөзді тереді ме?
Аққа кара жүкпайды ешқашанда,
Ендеше, өсек сөздің керегі не?



КЕШІРІМДІ БОЛАЙЫҚ

Адам көңілі қалмай ма бір сөзден де,
Қатігез заман бізге кез келген бе?
Аталар аманаттап кетпеді ме?
Кешірімді болуды бір-біріңе.

Уақыт өтер көзді ашып - жұмғанша,
Жалған өмір мәңгі баста тұрған ба?
Қатал жүрек жылы сөзден жібиді,
Ей, жарандар, алдыменен соны ойла.

Сондықтан да, жылы сөздер айтайық,
Көңіліне жақындардың қалмайық.
Өз орнына келмейтұғын нәрсе жоқ,
Қайткенде де, кешірімді болайық.



БІР КЕЛІНГЕ

Ақ едің ғой аңқылдаған көңілін,
Көпшіліктің ақтап жүрген сенімін.
Енді бүгін мінез-құлқың басқаша,
Тани алмай қалдым сені, келінім.

Сені өмір өзгертті екен неліктен,
Астамшылық келді қайдан желіккен.
Алтын менен гауһартасқа көміліп,
Жалғыз сен бе, жүретұғын көлікпен.

Жағамды ұстап бұл ісіңе, таңқалам,
Тани алмай қалды өзіңді қайнағаң.
Кеше ғана келін едің келісті,
Енді міне, болып кеттің басқа жан.

Бөле көрме інімізбен араны,
Бұл дегенің нағыз азап болады.
Кешегіміз жақсы еді ғой бәрінен,
Сол күндерге қайта оралсаң, қайтеді?

ӨЛЕНІМДІ ЖАТҚА ОҚЫСЫН НЕМЕРЕҢ

Өлең – жырдан жатыр едің не біліп?
Кекетесің миығыңнан бір күліп.
Ақындықты ешкім сатып алмайды,
Асыл әкем қалдырыпты мұра ғып.

Ақындығым болмас мүмкін жоғары,
Өлең бірақ, өмірімнің сыңары.
Мейлі сына, мейлі сыба бәрібір,
Жыр жазуға көңіл ауып тұрады.

Өлең жазсам жүрегіммен несі айып?
Қайта бірге жүрмейсің бе, қуанып?
Өленімді жатқа айтқанда немерең,
Қалып жүрме, досым, кейін ұялып.



БІР ІНІМЕ

"Түсінігі мол" деп жүрген інім едің,
Кейіндері салып жүрсің көңілге кір.
Жоқ жерден сылтау айтып осы күні,
Қаншама шақырсам да келмей жүрсің?

Жаралап алдым ба екен жүрегінді?
Түсінбеген болармын көңіліңді?
Тірліктің мәні деген сол емес пе?
Сыйластықпен өткізсек бұл өмірді.



ДОСЫМА

Түңілме досым, үмітіңді үзіп өмірден,
Келеңсіздіктерден қарғып өт алдан керілген.
Сынаққа шыдау – жігіттің басты міндеті,
Әлсіз жігітке баламаушы едім сені мен.

Сабырлы жетер сынақтан өтіп мұратқа,
Сондықтан досым, шыдамды болғын сынаққа.
Бордай тозбай-ақ болмашы іске қамығып,
Қараптан-қарап жүйкеңді енді жұқартпа.

Бар байлығың емес пе денсаулығың?
Ден сау болса өмір де балдай шырын.
Төрт құбылаң түгел боп, әр таң сайын,
Шаттықтан шырқай бергін өмір жырын.

Өмірдің көрдің ащы, тұщысын да,
Төзе білген жан едің талай сынға.
Сілкініп тұр орныңнан, сонда ғана,
Бәрін жеңіп шығасың бұл жолы да.

ӨМІРІНДІ ӨКІНІШПЕН ӨТКІЗБЕ

Қуанышы, өкініші толас таппай зырлаған,
Бұл өмірді барлық ақын жырлаған.
Әттең, әттең бағасына жетпей жүрміз неге біз?
Сол сұрақты қоямын да, жауап таппай қиналам.

Өтеміз бе, өмір сырын түсінбей-ақ, білмей-ақ,
Күн көрістің қамыменен, алшаң басып жүрмей-ақ.
Өкініштер өзегіңді өртегенде, тістелейсің бармақты,
Түсінгенмен, болады екен енді бәрі кеш бірақ.

Өмір күрес жеңілістен, жеңістерден тұратын,
Ащы дәмін өмірдің жеңілгеннен сұрағын.
Өкінішпен өтпесін деп тілесең сен өмірің,
Басқа түскен сынақтарда мұқалмасын шыдамың.

Бойыңызда болса егер асыл арман, мақсатың,
Жеңетінің ақиқат, өмірдің ауыр жолдарын.
Өз өмірің - өз қолыңда ой жүгіртіп қарасаң,
Ендеше, сен күліп өткіз өміріңді, өкініште қалмағын!



Кешегі күн Құдайға да сенбедік,
Сосын қайдан аз болады пенделік?
"Адам бол" деп жөн сілтеген кезінде,
Үлкендердің ақылына көнбедік.

Бостан-босқа талай-талай күн өтті,
Өткен күннен сабақ алу қажетті.
Түстен кейін кірген ақыл не керек?
Өкініштер өртеп жатыр өзекті.



АРМАНЫМ ЖОҚ...

Жүрген жоқпын әкемді жоқтау үшін,
Не болмаса пенделігін ақтау үшін.
Мен өмірге келгенмін жан әкемнің,
Ақындық қасиетін жалғау үшін.

Әкемнің қаны бар ғой, білесің бе?
Сондықтан, жыр орнаған жүрегіме.
Жақсылықтың жаршысы болған тілім,
Ақиқаттың айналар семсеріне.

Кім болғаным, сөзбен өрнек салмасам?
Кім қуанбас жыр көгінде самғасам?
Ерте кеткен бір ақынның ұлы едім,
Арманым жоқ жолын оның жалғасам.



ТҮСПЕСІН САЛМАҚ ЖҮРЕККЕ

Ағажан-ау, бірге өстік бір шаңырақ астында,
Еркелеген арқа сүйер ағам болдың алдымда.
Енді араға отыз жыл сап келіп едім үйіңе,
Қарсы алғаның қалай мені, сонша суық қалпыңда.

Іні болып іздемеген рас менде кінә көп,
Кіналасар сәттерді енді жатпайықшы тізбелеп.
Сыйластықпен толтырайық өткен күннің ессен,
Жүректері жарасымды аға менен іні боп.

Бізді әруағы қолдасыншы асыл жанды ананың,
Сақтай білген ынтымағын сегіз бірдей баланың.
Бақытына бөленейін бауырмалдық сезімнің,
Құшағында еркелеген бірге туған ағаның.




* * *

Білмедің ұлым, білмедің,
Сөздерің ауыр тигенін.
Орынсыз мені ғайбаттап,
Ақ жүрегімді кірледің.

Түсінуге неліктен тырыспайсың?
Тіл табысып кетіп еді ұрыстан кім?
"Мен де адаммын жаралған сүйек-еттен",
Пенделігім болғанын жасырмаймын.

Мінімді тізіп, түзейтін сен емессің,
Сондықтан керегі не ерегістің!
Өз ұлың өсіп ертең ержеткенде,
Көп нәрсені айтпай-ақ түсінерсің.



* * *

Қазақ едік ата-анасын сыйлаған,
Қайта кетіп бара жатыр бұл заман?
Жастарымыз қатігез боп барады,
Ата-анасын алатұғын жағадан.

Дейтін едік: "Ұл-қыз үшін жан пида",
Түн ұйқымыз төрт бөлінген қиналса.
«Өзімшіл» қып өсірдік пе оларды?
Кім кінәлі жаман әдет жинаса?

Жамандыққа оларды ешбір қимайсың,
Ойланумен өзіңді-өзің қинайсың.
Айтқан ақыл аққан суға теңелді,
Ал, осыған қалай қапа болмайсың?!

Армандайсың қатарынан қалмауын,
Ел қатарлы оқу-білім алғанын.
Ата жолын, баба салтын сақтаған,
Қайырымды, мейірімді болғанын.

Бірақ, бәрі ойлағанның бола ма?
Теріс жолға түсіп жатыр неге олар?
Мазалайды осы сұрақ жанымды,
Жауабы да көрінбейді табылар.

АТА МҰҢЫ

Тербей алмай немеренің бесігін,
Жабырқаумен өтіп жатыр неше күн.
Күтудемін екі көзім төрт болып,
Күзетумен қоңырауын есіктін.

Жалғыз ұлын ата-анадан бөлектеп,
Кімдерге жүр осы келін еліктеп.
Сағынғанда немеремді сарғайып,
Жанарымнан жас төгілер шелектеп.

«Немерем» деп қалай айтам келмесе,
Айлап – жылдап ата – әжесін көрмесе.
"Зәулім үйде бірге тұр" деп айтады,
Қалай көнем жылы қабақ бермесе?

Түсінбеймін, балалардың қылығын,
Көтеретін көк аспанға тұмсығын.
Алдыңа ертең келетінін ұмытпа,
Ата-анаға істеп жүрген бүгінің.

Әділет болып сыңарым,
Шындықтың тақтым тұмарын.
Өзіңнен қалған аманат,
Алдына елдің шығармын.

Жамылып мұнның көрпесін,
Білмедім жастық өткенін.
Қанымда қалған қасиет,
Сөзбенен өрнек өргенім.

Тәуекелге бел байлап,
Күндіз – түні мың ойлап.
Қалам алдым қолыма,
Өмірді болып жырламақ.

Боламын, мүмкін болмаспын,
Өлеңнің мінсем жорғасын.
Топқа да түсті кіші ұлың
Әруағымен әке, қорғарсын.

ҚАЙРАН ДҮНИЕ ӨТЕСІҢ-АУ БІР КҮНІ

Қайран дүние, өтесің-ау бір күні,
Соны ойласам боп кетемін біртүрлі.
Қалай ғана тоқтап қалмақ әлемге,
Менің ғашық жүрегімнің лүпілі?

Мұңаясың соны ойлаған кездерде,
Бір кеткен соң келмесінді сезгенде.
Бұл өмірден өтетінін ұмытып,
Өлместей боп алшаңдайды кей пенде.

Анау әлем. Оған қалай барамыз?
Сан-сапалақ ойға толы санамыз.
Жақсылықтың жасап дәйім амалын,
О дүниеге дайындалған боламыз.

Бәрі, бәрі қолында бір Алланың,
Көгерміз -ау, тағдыр басқа салғанын.
Шаршамайық жақсы амалдар жасаудан,
Аллам өзі реттейді қалғанын.

ҮМІТІМДІ ӨШІРМЕ

Немерем Диасқа

Орда бұзар отызында ақын болған,
Ұлы атаңнан ақындық қанда қалған.
Аталардың жолдарын жалғастырып,
Өлеңнің төріне өзің шыққын, ботам!

Жете алмаған биіктер арман маған,
Жолды шөп басып кетер жалғанбаған.
Титімдей талантыңды еңбекпен аш,
Осыны кішкентайдан, ойлан, балам!

Мен сенің ертеңіңнен үміттенем,
Жырыңды оқығандай көріктенем.
Үмітімді әйтеуір, өшірмеші,
Көргім келеді өзіңді биіктерден!



*** Жаксылык Омаров Талтүс ***

Көңілдің көкжсиектері



ДОС БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ..

Ақкөңіл аңкылдаған жүрегіммен,
Өмірді жан-тәніммен сүйемін мен.
Ешкімнің ала жібін аттамаған,
Жаңылмайын жолдан -деп келемін мен.

Ынтықпын бар адаммен дос болуға,
Көңілі маған деген адал болса.
Сыйласқан, бауырласқан қандай жақсы!
Қас-қағым жалған өмір аясында.

Байлығым бар болғаны - ұлым, қызым,
Ұрпақпен өсіп, өніп көріктендім.
"Жақсылық" деген атқа лайық боп,
Жарқылдап жүрсем екен өмірде кіл.

Тәңірден одан басқа сұрарым жоқ,
Тағдырға тәубешілік қыламын көп.
Адамбектің кіші ұлы Жақсылықпын,
Қол қойған сөз соңына Омаров деп.

АҒАЙЫНҒА

О, ағайын, бағым зор сендерменен,
Құшағыңда ержетіп, тербелген ем.
Бірің – аға болғанда, бірің – іні,
Бөле жарып қайтейін сендерді мен.

Кіші ұлымын кешегі Адамбектің,
Алғысына бөленген талай көптің.
Жастай жетім калған соң, әкемнің мен
Қадірін, қасиетін елемеймін.

Балалығым болды рас, шалалығым,
Өмірдегі орнымды кеш аңғардым.
Ақсақалдық ауылға бет түзеген,
Алпысқа да мінеки, келіп қалдым.

Мен де сенің ұлыңмын Арқадағы.
Аңсап жетем осында ағайыңды.
Жол алыс болғанменен, жүрек бірге,
Ажырап өздеріңнен қалмайыншы.

Кіндігім байланған жер Жараста өстім.
Арқада кенші болып терім төктім.
Отызда ортаңыздан кеткен едім,
Алпыста ақының боп келіп тұрмын.

Жолымды кескендер де аз болған жоқ,
Ондайлар кездескенге таңданғам жоқ.
Өмір деген қызық қой сонысымен,
"Жеңдім" деп, "жеңілдім" деп ойланғам жоқ.

Сақтамай жүре бердім кеудемде кек.
"Бақытыма жеткізер - сабырым" деп.
Өткеніме өкініш болғанменен,
Қазіргі күніме шын көңілім тоқ.

Жасырмайын алақұйын мінезім бар,
Әділеттің жолында жаным құрбан.
Адалдықтан ешқашан аттамадым,
Бұл менің Құдай берген бағым шығар?!

Арқадан көздің қырын салам мұнда,
Тілеулес болып туыс, ағайынға.
Құрбандық шалып, Құран оқытамын,
Дүниеден өтіп кеткен әруақтарға.

Тарқамасын ешқашан бірлігіміз,
Бірлікпенен гүлденер тірлігіміз.
Бабаларды өнеге тұтқан едік,
Ұрпаққа үлгі болсын елдігіміз.

ПЕРЗЕНТ САҒЫНЫШЫ

Кешір ана, кеш түсінген ұлынды,
Кімге айтайын жүректегі сырымды?
"Ата-ананың қадірін балалы болсаң білесің",
Дегенді текке айтпапты қариялар бұрынғы.

Періште болып туылып, пенделік жолды таңдадым,
Көремін деймін өмірде, тағдырдың басқа салғанын.
Осыған шейін бір рет келмеген екем басыңа,
Кешірші мендей ұлыңның соншама ақымақ болғанын.

Өткердің бастан білемін, тағдырдың талай тәлкегін,
Жүрегімде мұң болып жазылып қалды ол менің.
Рухыңменен сезініп жатқан да бәлкім шығарсың?
Жаман ұлыңның бүгінде қатарына елдің жеткенін.

Аллаға шүкір, ұл мен қыз келеді еріп соңымнан.
Немерелерім ойнақтап шығады әркез жолымнан.
Бәрі бар менде, тек қана Анашым, жоқсың қасымда
Өзіңді аңсап сарғайдым, сағынышпенен салып ән.

ҚАНАТЫ ӨЗІҢ, ҚАЗАҚТЫҢ!

*Пекин Олимпиадасының жүлдегері,
боксы Қанат Исламға*

Көз жасыңның тамшысы толғандырды,
Қандастарды көргенде ойландырды.
Шыда інім, шыдамдыға Алла жақ,
Келер жолы аларсың асуынды.

Сен бәрібір Қазақтың Қанатысың,
Алтындарды анық қой алатының.
Күллі дүние қызыға тұрар қарап,
Биіктен көрген кезде қазақ ұлын.

Сенем саған елжіреген жүрегіммен,
Ақ жол інім, ағалық тілегіммен.
Қазақтың көк байрағын желбіретіп,
Көріне бер, әрқашан биіктерден!



ШЫНДЫҚ ТУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН

(Шынболат Ділдебаевтың рухына)

Ақиқатпен тайталасып бетпе-бет,
Шындық туын желбіреткен Шынкең ед.
Қазағымның мұңы, зары, наласың,
Толғауымен жеткізді ғой керемет.

Өкінішті-ақ, өмірі қысқа болғаны,
Ауыр тиді сұм ажалдың салмағы.
Ізбасарлар «Шындық» атты топ құрып,
Шынболаттың шындық жолын таңдады.

Шынболат ол елдің ақын, жырауы.
Қашан болсын ел көңілінде тұрады.
Шындығымның шыңға біткен шынарын,
"Тас жарған гүл" десе -дағы болады.

Шарболаты секілденіп шындықтың,
Шыққан аға, әр сөзінді үлгі еттім.
Арамызда болмағанмен сезесің,
Рухыңмен елдің ерен құрметін.

СӘУІРДЕ ТУҒАН ҮШ АҚЫН

Өмірбек Сартов, Мұса Тілеуов,
Ғалил Жәнібековке

Көктемнің салқын самал сәуірінде,
Дүниеге келіпті үшеуі де.
Табиғаттың қарасай кереметін,
Белгілі ақын олар осы өңірге.

Жыл мезгілі күлімдеп көктем келер,
Елдің көңілі шаттықпен көтерілер.
Сәуір айы - көктемнің тәуір айы
Сәуірде ақын өмірге келмес бекер.

Ақын келсе, қуанар халқын ойлар,
Ақиқатты жырлайды шын ақындар.
Шындықты шымырлатып айта білсең,
«Ақын» деп ардақ тұтып ел де сыйлар.

Құтты болсын, туған күн ақындарым!
Жүрегіме жақын тартар жақындарым.
Көп айтып керегі не... көңілімнен,
Өздерің түсінесің сөздің парқын.

ШАЛҚИ ТҮССІН ӘНДЕРІҢ

*Сыныптас досым,
композитор Айжігіт Асановқа*

Әр пенденің жүрегінде бар емес пе бір үміт?!
Тілектеспін көріне бер биіктерден, Айжігіт!
Қанатыңды сен самғасаң, биіктерге көтеріп,
Жыр арнамай досың қалай, қалар дейсің іркіліп.

Өзіңсің ғой Кентаудағы "Жетпіс төрттің" түлегі,
Өзіңменен бірге соғар Жақсылықтың жүрегі.
Астананы әніңменен асқақтата бергейсің,
Осы ғана саған айтар достарыңның тілегі.

Ел жүрегін жаулай берсін жазған әнің, сазгерім!
Есімінді болашаққа жеткізетін әндерің.
Ән - аламан болған екен, бәйге алыпсың тағы да,
Қазағымның аспанында шалқи түссін әндерің.

Айжігіт-ау, өлең жазбай мен де қалай шыдайын?!
Тіл мен көзден сақтаса екен әрқашанда Құдайым.
Кеудендегі кернеп шыққан саздарың да мол болсын,
Әндер шықсын жүрегіңнен биіктерден шырқайтын.

АЗАМАТЫ АРҚАНЫҢ

Қанат Мейірбекұлы
Батырбековке

Жүрген еді Оңтүстік қаласында,
Ағайын, дос-жаранның арасында.
Қалтаға жолдаманы салып алып,
Аттанды Сарыарқаның даласына.

Не тосады алдағы келер жылдар?
Белгісіз тұрған алда қанша сын бар?
Арқаға зор үмітпен келді азамат,
Алдына қойған асқақ арманы бар.

Орналасты қарапайым кенші болып,
Қатарынан көрінді оза шауып.
Еңбегің елеп жүрген басшылары,
Үлгі етіп басқаларға, мақтады анық.

Жалындаған бойында жастық шағы,
Үй болып үйлену де - өмір заңы.
Таңдап жүріп тауыпты көп ішінен,
Қараторы қарапайым бір сұлуды.

Бата алып ауылдағы ата-анадан,
Құт мекен, бақыт тапты Сарыарқадан.
Арқаның азаматы ол бүгінде,
Ортадан ойып тұрып орын тапқан.

ЕЛ СЫЙЛАҒАН ӘБ-АҒА

Жеке кәсіпкер Мұстапаев Әбиге

Көз алдымда бала күнгі кездерім,
Бұл ағаммен интернатта кездестім.
Аңкылдаған адал еді ақ көңіл,
Талай рет қамқорлығын көргенмін.

Жақсылықты жасадыңыз ел үшін,
Беріп жүрсіз басқаларға қол ұшын.
Интернатта алған тәлім-тәрбие,
Беріп енді жатқандай-ақ жемісін.

Балабақша салып берді балаға,
Ал, мұндайды мақтамауға бола ма?
Ел ертегі - жас ұрпақты ойлаған,
Жүрегіңнен айналайын, жан Аға!

Бұл мақтаныш бөлегендей бойымды,
Шақырғандай ақындық бір шабытты.
Біреу білсе, біреу білмес қасиетін,
Ел сыйлаған адам қандай бақытты?!

Қызмет қып қарапайым халқына,
Көңіл бөлген туып-өскен ауылға.
Елеулісі елінің, қалаулысы халқының,
Ел алғысын арқалай бер, Әб-Аға!

АЛТЫНДАР

Ақантай аға мен

Әнеш жеңгейдің алтын тойына

Бас қосқанда бұл кісілер мен әлі де бала едім,
Тал шыбықты ат қып мініп, "бәйгелерден" келетін.

Уақыт шіркін сынаптай-ақ сырғанақтап өтіпті-ау,
Аға-жеңгем енді міне Алтынтойға жетіпті-ау.

Тұрмын осы тойға Сарыарқаның жерінен,
Ұлтымыздың ұлы ұясы - Ұлытаудың төрінен.

Бабаларым бізге аманат етіп кеткен бірлікті,
Бірлік қана берекелі ете білмек тірлікті.

Бұл Алтынтой тойға айналсын үзілгенді жалғайтын,
Адасқанды жолға салып, шын сыйластық орнайтын.

Алтын тойды аман-есен шыққаннан соң атқарып,
Бәрімізді Гауһартойда жолықтырсын Құдайым!

ЖАЙДАРЛЫ, ЖАРҚЫЛДАҒАН КЕЛІНІМ-АЙ....

Жанар Кеңесбекқызы

Оңалбек келініне

Мінезіннен айналайын жарқылдаған,
Жаратқан жиеніме жұп жасаған.
Қашан көрсем күлімдеп, көңілдісің,
Бір Аллаһ тайдырмасын осы жолдан.

Жиеніммен жұптарың жазылмасын,
Бақытты өмір сендерге нұр сыйласын.
Кәсіптеріңнің нәсіптерін бірге көріп,
Байлықтарың ешқашанда ортаймасын.

Қызығын көр келінжан, ұл-қызыңның,
Қуанышты өте берсін әрбір күнің,
Кейінгілер ізіңнен ере берсін,
Өнегесін үйреніп тәліміңнің.

Бірлік болса тірліктің болары анық,
Шаңырақта бірлік болса нағыз бақыт.
Жанарынан нұр төгілген Жанар қалқам,
Жүре бер, ынтымақтың шамын жағып.

"АЛПЫС БЕС"

Бұл кеніш алып кеніш - "Алпыс бесім",
"Алпыс бесте" талай жыл терді төктім.
Оңтүстік кенішінде орны бөлек,
Қайнап жатқан еңбекті көзбен көрдім.

«Қазақмыста» озық боп дүрілдеген,
"Алпыс бестің" кенішін кім білмеген?!
Үш бірдей Еңбек Ері шыққан кеніш,
Ту кетпеген ешқашан төрінен кіл.

Сондықтан "Алпыс бесті" мақтан етем,
Сонда менің ізім бар қалып кеткен.
Бізден де атақ-даңқы биік болсын,
Кейінгі кеншілердің еңбек еткен.



"ОН ТӨРТІНШІ"

"Алпыс бестің" "он төртінші" бөлімі,
Жақсылықтың сонда өтті ғой жалындаған өмірі.
Тау қопарып, ал, кейде тас уатып жүруші ем,
Қопарушылардың қайратты болғаннан соң мен бірі.

Бөлімшенің бастығы болды Итжанов Нұрахмет,
Білмегенді үйретті, оған да көп рахмет.
Он жыл бойы алдыңғы орындарды бермедік,
Алғыс болып алғанымыз, көргеніміз - құрмет.

Ыстық маған сол "он төртінші" бөлімім,
Кенші болып сонда өтті өмірім.
"Он төртіншім", саған менің тілегім,
Алдын бермей жүре берші кеніштің.



БАЛА КҮНДІ САҒЫНУ

Көргенде тұрған үйімді,
Көңілім менің бөлінді.
Осы жерде өткен кешегі,
Сағындым сәби күнімді.

Екі үйдің сегіз баласы,
Екі ана болып панасы.
Осында бірге тұрғанбыз,
Дархандық неткен, қарашы.

Үйіміз екі бөлме еді,
Тарлықты бірақ, көрмедік.
Жатушы еді ағылып,
Қонақ та болып келген жұрт.

Оралмас қайран күндерім,
Асыр сап, ойнап жүргенім.
Періште сынды пәк едік,
Қылау кіршіксіз көңілім.

Киелі қара шаңырақ,
Қалыпты - ау енді адыра.
Балалық дәурен -балғын шақ,
Айып па екен сағынсақ?!

ҚАСИЕТТІСІҢ, ЖАРАСЫМ!

Ассалаумағалейкум, қасиетті Жарасым!
Сағынышты сәлемін қабыл алғын, балаңның.
Жылдар жылжып өтсе де ұмытпаймын өзінде,
Балалықтың ащы да, тұщы шағы қалғанын.

Қасиетті топырағың, ата-бабам жатқан жер,
Осы жерді мекен еткен маған туыс қалың ел.
Бірліктері жарасып үш жүз түтін түтеткен,
Аталарым адалдықпен еңбек етіп, төккен тер.

Аралап Шығыс, Батыс, Арқаны да,
Тірлік кештім халқымның ортасында.
Жетісу, сұлу Көкше, өр Алтайың,
Бәрібір жетпейді екен Жарасыма!

Ыстықсың кіндік қаным тамған жерім,
Өміріме есік ашқан алдан менің.
Өксіген күндерімде аз емес-ті,
Бірақ, саған қалайша өкпелейін?

Қасиетті, қадірлімсің, Жарасым!
Саған барсам, бір жаңарып қаламын.
Қай өңірде, қай қиырда жүрсем де,
Туған жердің сезіп жүрем самалын.

ШОРНАҚ

Оңтүстікте Шорнақ деген ауыл бар,
Даңқы оның кем түспейді қаладан.
Осы ауылдың шаң-шаң басқан жолында,
Бала күнгі жолдарымның ізі бар.

Осы ауылда бардым алғаш мектепке,
Жапырағым жайылып еді көктеп те.
Осы ауылда алғаш рет ғашық боп,
Мәз болып ем жігіттік жас жеткенге.

Бір әдемі естелік те ойымда,
Қызыл галстук беріп апай қолыма.
Такқан едім пионерге қабылдап,
Қалдаяқов Шәмші ағаның мойнына.

Алыстарға жетеледі арманым,
Бір шыбықтан өсіп, өнді орманым.
Жүрегімнің тұратұғын төрінде,
Қымбат маған әрқашанда Шорнағым!



«ҮЛГІЛІ»

Көңілім неге біртүрлі?
Түсіме кірді "Үлгілі".
Балалық шағым өткен жер,
Сағынып жүрмін өзіңді.

Есімде әлі алма бақ,
Жүруші ек талай аралап.
Алпысқа келген шағымда,
Келемін қайта аралап.

Көзіме ыстық көрінді,
Мектебім менің бұрынғы.
Ғашық боп аппақ әлемге,
Бастаған едім өмірді.

Балалық балғын кездерім...
Кездескім келді... іздедім.
Қайтейін, қуә болдым тек,
Балалығына өзгенің.

Аралап Алтай, Арқаны,
Көрдім ғой талай ортаны.
Солардың бірі ешқашан,
"Үлгілім", сендей болмады.

АЛҒАШҚЫ МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

*Шорнақ ауылындағы
мектеп-интернатқа арнаймын*

Осы менің ең алғашқы мектебім,
Осында өтті күзім, қысым, көктемім.
Алғашқы рет әріп танып өмірде,
Білім нұрын жүрегіме сепкенмін.

Әлі есімде балдай тәтті бала күн,
Ергелі-кеш ойынымыз қанатын.
Жазу жазып, қалам алдым қолыма,
Міне, осылай басталды алғаш қадамым.

Сол қадаммен жүріп келем жаңылмай,
Тағдырдың сан сынағына мойымай.
Сол кездегі ұстаздарды сағындым,
Қанша іздесем, жүрген қазір табылмай.

Мектебімнен алған тәлім, білімім,
Бағдаршамы десем болар өмірдің.
Жасым бүгін алпыс жасқа жетсе де,
Алты жасар баладай ғой көңілім.

АЛАКӨЛІ ҚАЗАҚТЫҢ

Келген соң дәмін татып Алакөлдің,
Көтеріңкі көңілді менің көңілім.
Қазақтар, Алакөлмен мақтаныңдар,
Қырғыздар мақтағандай Ыстық көлін.

Алакөл – шипалы көл білсеңіздер,
Сөзіме менің осы сенсеңіздер.
Шетел асып кетпей-ақ, жөн болады,
Жағасына Алакөлдің келсеңіздер.

Қандай ғажап қарасаң толқындары,
Көргенде ырза болар елдің бәрі.
Осындай сұлулыққа қарап тұрып,
Рахатқа бөленер адам жаны.

Аяқ асты төселген кілемдей бір,
Мамықтығын тәнінмен сезіне біл.
Жағажайда төселген құм үстінде,
Талай адам денесін қыздырып жүр.

Түсіндім қасиетін Алакөлдің,
Сол жаққа кеп тұрады бара бергім.
... Демалыстан оралған бір құрдасым,
Қырғыздың мақтап отыр Ыстықкөлін.

"ЖЕТПІС ТӨРТТІҢ" КӨКТЕМІ

Ыстық маған "жетпіс төрттің" көктемі,
Жасымыздың кәмелетке жеткені.
Алдымыздан есік ашып тұр еді,
Ұстазы жоқ ұлы өмірдің мектебі.

Ия, сол жылы ұлы өмірге беттедік,
"Бізден асқан бақытты жан жоқ" дедік.
Арманымыз асқақ еді арайлы,
Әрбір сәттен тұрушы едік бақ көріп.

Содан бері өтті арада қанша жыл?
Сол сәттерді көңіл әлі аңсап жүр.
Ғайыптан бір Құдыреттің күшімен,
Бала шаққа қайта айналып барсам бір.

Қуаныштан бал-бұл жанып жүзіміз,
Мәз-мәйрам боп қалар едік бәріміз.
"Жетпіс төрттің" көктеміне қайтадан,
Айналады сонда мынау күзіміз.

ҮШӨЗЕН

Балалықтың базары едің, Үшөзен!
Ешбір жерді Үшөзенге теңемен.
Үшөзеннің бойындағы күндерді,
Сағынышпен еске алумен жүрем мен.

Жүрегімді мазалайды көп сұрақ,
Қайда кетті сол кездегі жарқын шақ?
Бір шаңырақ аясында өскендер,
Үш бөлініп кеттік қалай ыдырап?

Кім біледі бұл жазылған тағдыр ма?
Сендер Сырда жүргендейсің, мен - Қырда.
«Ағалардан болар ма - деп - бір хабар»,
Қарындас жүр алаңдаумен батыста.

Үшөзенім - жанға жақын жылғамыз.
Табылар ма, балалықтан қалған із?
Бауырларым, Үшөзеннің бойында,
Бас қосайық үш жақтан кеп енді біз.



ҚАРАҒАНДЫ, ҚАРАМА САЛҚЫН МАҒАН!

*"Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің" демекші,
жанға батқан дерттен емделіп,
Қарағанды емханасында жатқанда
жазылған өлеңдерді осындай тақырыпқа
топтастыруды жөн санадым.*

Автор.

Қымбат екен бәрінен денсаулығым,
Кейінгі жылдарымда осыны ұқтым.
Денсаулықтың жайымен Қарағанды,
Емханаға мен сенің келіп түстім.

Дүнием бар жететін бір басыма.
Беделім бар достардың ортасында.
Үй, машина, қымбат зат бәрі бекер,
Екендігін түсіндім, нанасың ба?

Жүрегім бар ақкөңіл аңқылдаған,
Көмек күткен жандардан тартынбағам.
Мен сенен жылу күтіп келіп тұрмын,
Қарағанды, қарама салқын маған.

Денсаулықтың жөн болмай шайқалғаны,
Қадірінің артып тұр байқалғаны.
Үш аяқпен өзіңе келген едім,
Екі аяқпен еліме қайтар мені.

Сағындым Сәтбаев қаласын,
Тұп-тұнық, тап-таза ауасын.
Жатқалы осында жиырма күн,
Жиырма жыл өткендей қапамын.

Қарағанды орысшалау қала екен,
Қазақшаны білмейтіндер бар екен.
Көзі - қара, жаны - орыс боп қеткен,
Адамдармен жағаласып қалам мен.

Сәтбаевта сезінбеуші ем мұндайды,
Тіпті, мүлде ойламаушы ем бұл жайлы.
Қарағанды секілденіп қос қазақ,
Бір-бірімен шүлдірлесіп тұрмайды.

Сәтбаевқа "Ұлытаумен" енесің,
Кіре бере қазақылық сезесің.
Шынболаттың сарайына бас сұқсаң,
Терме төккен жыршыларды көресің.

Бой түзеп тұр Тәуелсіздік даңғылы,
Құлпырады бір күннен соң бір күні.
Сән сәулетті сарайларда жер жарған,
Хоккей ,футбол дегеніңнің гүмбірі.

Қысы- жазы футбол ойнар алаң бар,
Бассейннен үзілмейді адамдар.
Көшелері кең де жарық салынған,
Еш тосқауыл көрінбейді қаламнан.

Дәулетіне сәулеті сай қаламның,
Кеш түскеннен электрі жағар нұр.

Бірін-бірі бауыр санап, дос тұтқан
Бәрінен де адамын айт, адамын.


Бәлкім, артық шығар бізден емдерің,
Мен өзіңе тек сол үшін келгенмін.
Бірақ, қалай қазақ болу керегін,
Қарағанды, Сәтбаевтан үйренгін!

Қарағанды емханасы керемет,
Дәрігерлер білімді екен не керек?
Денсаулықтың түзетер деп кемдігін,
Ербол атты оташыға сенген ек.

Қолы сондай жеңіл екен бұл ердің,
Не қасиеті бар екенін білер кім?
Аяғымнан жүріп кеттім жүгіріп,
Таңылсамда тар төсекке бірер күн.

Таяғымды қолымдағы тастадым,
Міне, солай жаңаша өмір бастадым.
Тоғыз жыл мен күтім едім бұл сәтті,
Аршылғандай болды бұлттан аспаным.

Кеткен сәттер болды өмірден түңіліп,
Өткеніме ой жіберсем үңіліп.
Ербол, саған мың рахмет айтамын,
Басыңа бақ серік болсын, мәңгілік!



* * *

Жәмила қыз дегенде Жәмила қыз,
Қарасатын біздерге өзің – жалғыз.
Төсегінен тұра алмас өңкей дімкәс,
Сені ғана көмекке шақырамыз.

Сен келесің заматта зыр жүгіріп,
Мұнайған көңілдерге жағып үміт.
Инабатты, ізетті сені таңдап,
Бақытты болады екен қандай жігіт?

Жолықсаң бақытыңа қуанамыз,
Шақырсаң тойыңа да кұп аламыз.
Еңбегің біздерге еткен текке кетпей,
Сол тойда билеп жүрсін бұл ағаңыз.



Сәтбаевтан Нұрболат інім келді,
Шыр біте де бастады түріме енді.
Сәтбаевтан Нұрболат ініммен бір,
Қазақша сөйлесетін тілім келді.

Жүргендей ем ортада әні бөтен,
Көтеріліп қалды ғой көңіл деген.
Өзге тілдің қалғанда құрсауында,
Ана тілде сөйлеген бақыт екен!



СҮЙІКТІ ДӘРІГЕР

*Қарлығаш Рахманияқызы
Бимағанбетоваға*

Көпшілік көп мақтайтын ерекше адам,
Көптен бергі жансың ғой таныс маған.
Мен өзіңе сүйсінем "жан екен" деп:-
Мамандығын таңдаудан жаңылмаған.

Еңбек етіп денсаулық саласында,
Қорған болған адамзат баласына.
Дәрігерсің жұртына емі жаққан,
Қадірі артық халықтың арасында.

Дәрігердің бірісің антқа берік,
Сондықтан жырға қостық мақтан етіп.
Қанатымен су сепкен қарлығаштай,
Ел үшін еңбек еткін зыр жүгіріп.



БЕРІК БОЛСЫҢ ТҰҒЫРЫҢ

*"Алғабас" жастар театрының
жетекшісі Динара Ширекбаева*

Танып жүрмін қызым, сені сыртыңнан,
Мақсат қойып алға қарай ұмтылған.
Арманыңның шыңдарына жете бер,
Талантыңмен таныл-дағы тұғырдан.

Тағдыр теріс жонын беріп жатса да,
Бақтың құсын қондыра біл бақшаңа.
"Алғабаспен" алға басып, карағым
Мұратыңа жету үшін шаршама!

Өнеріңмен өрге қарай жүзе бер!
Риза болып қолын соқсын қалың ел.
"Сәтбаевтан шыққан әнші бала" деп,
Біз әрқашан мақтанайық сенімен!



ЖАҚСЫ ЖІГІТ

Нұрахмет Итжановқа

Еңбек еттік он бес жылдай бірге жүріп кеніште,
Тұрып жаттық бір қалада, бір көшеде көрші де.
Он бес жылдай балдыз болып жүретұғын бұ жігіт,
Шыға келді аяқасты қайнаға боп лезде.

Содан түсті он бес жылдық беделім,
Содан бері күйеу болып келемін.
Он бес жылдай жезде болған жақсы еді,
Қайнағама қызмет қып деп жүдедім.

Кенішімде қайынағам маған бастық болатын,
"Нүрекені" кеншілер де қатты сыйлап тұратын.
Бір адамды тартқан емес жазалауға апарып,
Ақыл айтып, талайлардың оятушы еді ұятын.

Міне, осындай қайырымы мол жігіт ғой Нүрекен,
Қайнағамыз қандай жаза берсе-дағы көтерем.
Кеншілер де жасап кеткен жақсылығын ұмытпай,
"Жақсы жігіт" деген аты ел аузында жүр екен.

ЖАЛЫНДАП ЖҰРУШІ ЕДІК...

*Достарым Әлібек, Әбілқасым,
Жұмаділда және тағы
басқаларға*

Балдай тәтті бала күнгі құрдастарым,
Сырымды бір бөліскен сырластарым.
Алыстан сендер соққан телефонның,
Соншалық ыстық көрем трубкасың.

Ата-әжеге айналып немерелі,
Еркелігін солардың көтереді.
Жалынды жастық шағы кейін қалған,
Қайран достар, іздейді неге мені?

Ілесіп сансыз сауал жетегіне,
Деген ойға беріліп кетем кейде.
Балаң да, немерең де расында,
Бала күнгі досыңа жетеді ме?

Ұмытпас бірін-бірі достар нағыз,
Тұратын әрқашанда қақпасы ашық.
Байланыс ешқашанда жоғалмасын,
Балалықты тұратын еске салып.

КЕШІР, АҒА!

Дастан Адамбекұлына

Еске түсіп бала күнгі кездерім,
Ойға оралды сондағы айтқан сөздерім.
Май-май болып трактордың соңында,
Елестеді жүретұғын кездерім.

Зор үмітпен қарап маған жүруші ең,
Мені мақтан етерінді білуші ем.
Арқасында өзін сынды ағаның,
Ел кимеген киімді де киюші ем.

Тегіс жолда келе жатып сүріндім,
Сүріндім де, өміріме күйіндім.
Ағасының тыңдамаған ақылын,
Ойлап тұрсам ақымақтың бірімін.

Өскен болсам өзіңді тұтып үлгі,
Тәңір биік етер ме еді тұғырымды?
...Ақыл айтсаң алара қарайтұғын,
Түсінбеймін жастарды осы күнгі?

АҚЫЛЫ - ДАРИЯДАЙ

Бөле апам

Райхан Әзіханқызына

Жаны жомарт, ақылы көл дариядай,
Көп жасаған, көпті көрген қариядай.
Бөле апамның орны бөлек мен үшін,
Мені ойлаумен жүретін жаны қалмай.

Ұлды ұяға қондырып, қияға - қыз,
Жасаған еңбегін ел қылады аңыз.
Басшы болып ортаға жүргеннен соң,
"Генерал" деп атанған бұл апамыз.

Жезқазған мен Кентауды жол жасады,
Қашан көрсең қыдырып ол барады.
Той-думан қаламызда бола қалса,
Таудай боп төрімізде отырады.

Аман болшы, әрқашан алтын апам!
Алтыннан да артық қой сенің бағаң.
Келіндерің жолыңды өнеге етіп,
Үлгі алып өсе берсін дариядан.

БӨЛЕЛЕРІМ

Өттең, шіркін қайта келмес өткенім,
Талай кештім өкініштің өткелін.
Бөлелермен бірге өсіп ем жасымда,
Ұят болды-ау хабарласпай кеткенім.

Сараптаймын салып бәрін санама,
Жас келген соң жақын керек адамға.
Бөлелерден кеттім неге алшақтап,
Құшақ жая қарсы алушы еді барғанда.

Не тайдырды тура жүрген жолымнан,
Асығым бір түспей қойды-ау оңынан.
Бәріміз де мына өмірге келдік қой,
Жан анаммен бірге туған қыздардан.

"Бота менен бөле тату" десетін,
Неге бұздық үлкендердің өсиетін?
Бөлелерім, сендер еске түскенде,
Мен өзімді түсіне алмай кетемін.

Қонақ болып шаңырағымның төріне,
Келіндерші Сарыарқаның жеріне.
Будан былай бөлінбесін іргеміз,
Ынтымақтан ұя салып көңілге.

ОРНЫҢ БӨЛЕК

Қарындасым Тұмаркүлге

Көз жасыңды көрсетіп, жыламашы,
Бір Алла өзі сақтар бұл ағанды.
Қарындастың қашанда орны бөлек,
Ағаны ойлап қайысқан қабырғасы.

Бәрі-бәрі өткінші өмір анык,
Қуанышын сыйласын дүние жарык.
Төркін жұртты сағынып қалған болсаң,
Қуантармын арнайы өзім барып.

Аман-сау өсе берсін жиендерім,
Қиналсаң медеу тұтып сүйенгенім.
Бауыржаның кішкентай құтты болсын,
Көбейтіп жатқан анау Адай елін.

Ағаңның ойлай берме денсаулығын,
Өзіңнің қымбат маған жан саулығын.
Бауырға жететұғын ештеңе жоқ,
Дүниенің жиғанменен бар байлығын.

Қарағым, айналайын, қарындасым,
Сен менің қашан болсын ойымдасың.
Алыстан "аға" деген бір ауыз сөз,
Бойға - қуат, төгеді жаныма - нұр.

БАУЫРЖАННЫҢ ТОЙЫНА

Сұрама "кім" - деп менен Байкеңді,
Білем ғой бұл жігітті азды-көпті.
Тағдырға мойымаған қайсар бауыр,
Кеңейтіп жатыр бүгін керегені.

Басы екеу болып жатыр Бауыржанның,
Құшағына ендіріп сүйген жарын.
Уақыт емші емес пе бәріне де?
Орындалды ойдағы армандарың.

Жиырма жылдай өзінді мен білгелі,
Ізбасар інім болып сен жүргелі.
Қатал тағдыр тауқыметін тартсаңдағы,
Қабырғаң ешқашанда сөгілмеді.

Ұяңа қонды келіп бақыт құсы,
Төгіліп тұр Алланың мол ырысы.
Қос аққу бірге жүзіп айдын көлде,
Жұптары жазылмасын өмірдегі.

Тілейін жақсылықтың саған бәрін,
Гүлдей нәзік Гүлжамал - сүйген жарың.
Керегенді кеңейтіп, көрікті етіп,
Шаттықтың күйін шертсін шаңырағың.

АЛТАЙҒА

(Нұрболұлы Алтай бір жасқа толғанда)

Құтты болсын, тәй-тәй басқан қадамың!
Жолын берсін Балтекендей атаңның.
Азамат бол, арқа сүйер еліміз,
"Біздің Алтай" деп мақтанып айтатын.

Өміржолда еш кедергі болмасын,
Ата-анаң да барлық тойды тойласын.
Қос әжеңнің қуанышы бола бер,
Тәттілерге толтыратын дорбасын.

Аялаған ата-әженің ұлы бол!
Ақындардың жүрегiнiң жыры бол!
Еңбек етер ерінбейтін ел үшін,
Қазақ деген азаматтың бірі бол!

Білетіндер сені көріп сүйінсін,
Қыздар саған сыйласыншы бар гүлін.
Нұртас аға аруағы демеп, жебеп әрдәйім,
Жолдарында қолдай берсін өмірдің.

Биіктерге ұшатұғын сұңқар бол!
Аламанда озып келер тұлпар бол!
Бөркімізді аспанға атып қуантар,
Ата-баба ұрпақтарын жалғай бер!

Тілеп өтем қадамыңа тегіс жол,
Саған деген жүрегімде сенім мол.
Мен батамды шын пейілмен берейін,
Keң жүректі аңқылдаған адам бол!

ШЫРАЙЛЫСЫ ШЫҒЫСТЫҢ

Шырай Қалмасқарқызы

Сүйінжановаға

Шығыстың шырайлысы Шырай балдыз!
Өлеңге өзек болдың міне, нағыз!
Денсаулық сыр бергенде кезіктің-ау,
Әмір солай болса егер, неғыламыз?

Түсініп отырсың-ау әзіліме,
- Не айтып отыр - демей - мына жезде.
Тәтеңе тартып туған тәтті екенсің,
Өкініш түсірдің ғой өзегіме.

Мен қазір ел ағасы жасындамын.
Елге ақыл айтатындар қасындамын.
Балдызым болғаныңмен, амалым не?
Қарындасым секілді болып қалғын.



ЖАРЫМА

Түсініп көр күнәһар патшаңызды,
Сен білесің жаным-ау, барлық сырды.
Басқа емес ең алдымен сен қабылда,
Төгілген жүрегімнен асыл жырды.

Керек маған бір сенің жылы сөзің,
Көңіліңде тұнып тұрсын маған сенім.
Керек емес әркімнің айтқандары,
Ең қымбаты әрине, сенің сөзің.

Өзімді «ақынмын» деп мақтанбаймын,
Дегенмен, жырдың жолын тапқандаймын.
Әкемнен жұққан шығар кім біледі?
"Шатпақтап" бүгін менің жатқандарым.

Әкенің жалғамаққа мұраларын,
Шабытым келіп қалса қуанамын.
Шемен боп қатып қалған мұң-шерімді,
Өлеңнің өрнегімен тарқатамын.

Сондықтан көңілімді түсін, жаным!
Жарқырап тұрмаса да жазғандарым,
Мұнда менің кешегім, бүгінім бар,
Және ертеңге ұмтылған арманым бар.

ЕРКЕЛЕЙ ТҮС, НЕМЕРЕМ!

Тәтті болып келесің күннен-күнге,
Көз қиығын саласың төңірекке.
Армандаймын тезірек тілі шығып.
"Аталап" мойныма еркелесе...

Еске түсті ұлымның сәби кезі,
Әкесінен айнымаған тостақ көзі.
Екі көзін алмайды жарық шамнан,
Білмеймін сол жарықтан не іздейді?

Ұстауға соны қолмен талпынады,
Сәби мінез көрсетіп жұлқынады.
Алғы өмір немереме жарық болсын,
Жарық барда бар дүние байқалады.

Теңеймін "аспандағы жұлдызым" деп,
"Жарқырап төбемізден ол тұрсын" деп.
Еркелей түс, немерем, еркелей түс,
Жүрсең болды алдымда сен еркелеп!



ҚАЛҒАНЫ МА, БОЙЖЕТІП?

Боташымның қалғаны ма есейіп?
Жатыр бүгін өрісім де кеңейіп.
Бұл өмірдің заңы емес пе бұлжымас,
Жатса егер құда-жекжат көбейіп?!

Ол рас қой талшыбықтың өсері,
Қарамайық "сәби ғой" деп кешегі.
Тапса қызым аққуындай сыңарын,
Бұл да болса бір Алланың дегені.

Өмір осы ұрпақ жатар алмасып,
Тұлпарлардың орындарын тай басып.
Жүрегімнен тілейтінім мәңгілік,
Екі жүрек жүрсе екен жұптасып.

Қыз дегенің жат жұрттық – ғой қашаңда,
Қимағанмен, көндігесің бұған да.
Қыздың өріс екендігін ұқтырып,
Бабам қалай тауып қосқан мақалға.

Ұшқалы отыр қиясына балапан,
"Ақ жол" тілеп жыр арнаймын мен оған.
...Қосағыңмен қоса ағарып әрқашан,
Бақыт әнін шырқай бергін, жан ботам!

ӨСИЕТ

Аяулы қызым Шолтанға

Өтеді екен өмір шіркін зымырап,
Артта қалды талай күндер қол бұлғап.
Байқамаппын бой түзеген қызымның,
Кәдімгідей бойжеткенін мен бірақ.

Серік табу, бұл - табиғи заңдылық,
Алдарыңнан атсын дәйім таң күліп.
Биік болып шаңырақтарың көтерген,
Сезімдерің суымасын мәңгілік.

Жұлып беріп жүрегімді ұсынам,
Еш нәрсе жоқ аянатын қызымнан.
Өмір деген бұрауы көп сұрауы көп дүние,
Талай жастар сынақтарда сыналған.

Оңай емес, үйленгенмен - үй болу,
Қиыны көп сынақтарға бір көну.
Махаббаттың тұрақтылығы осында,
Тұщыны да, ащыны да тең бөлу.

Кәміл сенер дүрсілдеген жүрегім,
Ойланатын жастарсындар ертеңін.
Қол ұстасып қарсы алыңдар үмітпен,
Бұл өмірдің күлімдеген көктемін.

АҚ БАТА

(Шолпаным тұрмысқа шыққанда)

Мәпелеумен өсірген бақшадағы гүлімсің,
Менің әлі жазылмаған жүректегі жырымсың.
Жат жұрттыққа жаралған соң, амалым жоқ қайтейін,
Енді міне Ақ батасын әкеңнің алайын деп тұрмысың.

«Қатарынан қалмасын» деп аямадым барымды,
Ашық-жарқын мінезің бар, шын сүйесің өмірді.
Еркеледің, ерек болдың, қаққан жоқпыз бетіңнен,
Тәңір алғы күндерде де биіктетсін бағынды.

Өткелі көп өмір ғой бұл, жаңа белес алдағы,
Сол белестен өтудің ауыр болмақ салмағы.
Биік ұстап шаңырақты, кеңейте бер кереге,
Ынтымақ пен береке, бақытын ғой қолдағы.

Ақ жол саған тілеймін, бақытты бол жан ботам!
Асулардан аса бер, ата-анаң алмаған.
Барған жердің бағын аш!
Осы менің ақ батам!



КҮНІМ ШЫҚТЫ АЛДЫМНАН

Өзің едің немерем, сағынып көп күткенім,
Бір Аллаға шүкірлік, бақытты мені еткенің.
Дұрыс болар ағайын, "артта қалар ізім" деп,
Немереме жыр толғап, арнау жазып кеткенім.

Асқар таудай алдында мәпелеген әкең бар,
Оқ атылса жауыңнан, кеудесін саған сол тосар.
Қадірін біліп әкенің, өмірде оны сыйларсың,
Ақылын тыңдап жүрсең сен, адаспас жолды ол табар.

"Іні" болғын әкене, "Дияс" деп қойдым атыңды,
Жалғастырар ұрпағым, өшірмейтін отымды.
Сыйлап өскін Диясжан, аялаған ананы,
Ана әкелген өмірге батыр мен ақынды.

Бәйтеректей мәуелі болсын туыс, бауырың,
Ішінде бол әрқашан "Бірлік" атты ауылдың.
Ынтымақты, бірлікті ту ғып егер көтерсең,
Жеңе аласың үнемі тірліктің барша ауырын.


"Күн" деп қойдым атыңды, көш бастайтын тұңғышым,
Барым, нарым өзіңсің және менің ырысым.
Күнім шықты алдымнан көңілімді тасытып,
Нұрын төгіп тұрады ол мен үшін және ел үшін.

БІР АТАНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Сендерсіңдер бір атаның немересі,
Кеңейген өздеріңмен керегесі.
Көзімен көрмесе де рухымен,
Анық қой өздеріңді жебегені.

Кіна артпай-ақ қоялық тағдырларға,
Бірлікті өмір тілеймін алдарыңа.
Бауыр болып жүріңдер бір-біріне,
Ата рухы нұр құйып жандарыңа.

Тілеймін бауырлардың бүтіндігін,
Түзу болсын тіршілік, түтіндерің.
Ұмытпай жүрсе екен немерелер,
Бір атаның жалғасы екендігін.



САҒЫНДЫМ НЕМЕРЕМДІ

Сырым бүтін болғанмен, ішім түтін,
Жылап жатқан жүректі түсінер кім?
Шемен болған шерімді тарқатайын,
Сағындым-ау иісін немеремнің...

"Немере өз балаңнан тәтті" деген,
Жолына құрбан болсам өкінбес ем.
Келмегелі көп болды, көрмегелі
Сағыныштан сарғайдым оған деген.

Таусылып бара жатыр шыдамым-ай,
Қайтейін тым алыста тұратыны-ай.
"Атасын сағынды" деп ұл мен келін,
Әкелетін секілді күтем ұдай.



ҰЛЫ АТАҢДЫ БІЛІП ӨС

Немерем Диасқа

Бабалардың жалғасы өзіңсің гой, немерем!
Сен дүниеге келгенде қуанышка бөленгем.
Өтіп кеткен өмірден есіме алып әкемді,
Енді өзіңе сол жайлы сыр шертемін жүректен.

Елге сыйлы болыпты Адамбектей ұлы атаң,
Жақсылығы көп дейді, елге атын шығарған.
Мырзалығын көргендер "Сахи" деп оған ат берген,
Сондай сөзді естігем көзін көрген шалдардан.

Ата-баба мекені - Қаратаудың етегі,
Бозбұтақ пен Үш өзен, Ақсұмбі, Жарас жерлері.
Мөлдір бұлақ, таза ауа, табиғаты керемет,
Мына жалған дүниенің жұмағындай ертегі.

Ата-бабаң сол жерде талай көкпар шаптырған,
Тамашалап көруге көп қонақтар ағылған.
Келген елді қарсы алып, құрметін танытып,
Қорадағы қиналмай жалғыз қойын сойғызған.

Кен пейілді, ақкөңіл ашық екен қабағы,
Дастарханы жиылмай, үзілмеген тамағы.
Еңбек етіп аянбай, терін төгіп ел үшін,
Дүбірлетіп жүріпті ұлан байтақ даланы.

Міне, осылай ұлы атаң сыйлы болған еліне,
Сыйлаған ел шығарған құрметтеп төріне.
Адалдықты жаныңа серік еткін жасыңнан,
Ертең елің сыйласын десең егер сені де.

Сыбызғысын жасап ап өзі қолдан, қамыстан,
Ойын-тойдың көркі боп әуелетіп ән салған.
Және өлең жазыпты жұрт көңілінен шығатын,
Сегіз қырлы, бір сырлы болған екен сол атаң.

Ұлы атаңның саған да жолын берсін тілегім,
Жолдарында өмірдің рухымен жебесін.
Қадірі артық халыққа азамат бол, қарағым
"Адамбектің ұрпағы жаман екен" демесін.



АМАНАТЫҢ ЖАДЫМДА

(Әкем Адамбек Омарұлының рухына)

Есімде айтып кеткен аманатың,
Жүрегімнің тубінде сақтағанмын.
Кездесіп қиыншылық қиналсам да,
Аманатты ешқашан аттамадым.

"Шыда - дедің - тағдырдың сынағына",
Сол сөз мәңгі қап қойды құлағымда.
Сүріндім, бірақ, қайта тұрып кеттім,
Жанарды жасқа кейде пыладым да.

Ешкімнің ала жібін аттағам жоқ,
Арамның исін сезсем, жақтағам жоқ,
Аманатыңа адал боп өскендіктен,
Әкешім, атыңды ешкім даттаған жоқ.



ТАСТАҒАМ ЖОҚ ДҰҒАМНАН

*(Ақ сүт беріп өсірген асыл анам
Тұрсынқұл Жақыпқызының рухына)*

Асыл анам жатқан жерін білер кім?
Жауап таппай мен тұйыққа тірелдім.
Қабіріне тәуеп етіп тұратын,
Жатқан жерін табу - жалғыз тілегім.

Өу басында неге белгі қоймадым?
Бұдан артық бар ма өкініш, бар ма мұң?
Қалың қорым арасынан таба алмай,
Енді мынау шарасыз боп қалғаным.

Ешқашанда тастағам жоқ дұғамнан,
Бір шарапат тисе екен деп Құраннан.
Төріндесің жүрегімнің мәңгілік,
Рухыңды қастерлейді бұл балаң.



БӘЙТЕРЕКТИҢ ОҢАЙ ЕКЕН ҚҰЛАУЫ

(Інім Ералы Әбдуәліұлының рухына)

Інім едің ақкөңіл аңқылдаған,
Осы екен-ау білгенге өмір - жалған.
Жеткеніңнен көп еді жетпегенің,
Бірге кетті өзіңмен қаншама арман?

Аңыраумен артыңда анаң қалды,
Келін менен төрт бірдей балаң қалды.
Жүруші едің соларға қамқор болып,
Ойда-жоқта жіберді Алла ажалды.

Қарсы алушы ең барған кезде аңқылдап,
Жан жарың да жүруші еді жарқылдап.
Бәйтеректің оңай екен құлауы,
Аққан бұлақ қалай ғана тартылмақ?

Мамық болсын топырағың жамылған,
Пейіш төрі есік ашсын алдыңнан.
Аман болсын артта қалған ұрпағың,
Енді соны тілеп жүрміз Алладан.

САҒЫНЫШ

(Ұлым Дидардың рухына)

Сарғайып барады өмір сағыныштан,
Бастағы құсым едің қолдан ұшқан.
Жарасы жүрегімнің жазылмайды,
Тамшылап жанардағы аққан жастан.

Әр баланың орны бөлек жүрегімде,
Ұрпағым ғой сенерім, тірегім де.
Бесігімде жоғалттым мен әкемді,
Бағыт - бағдар беретін өміріме.

Жүргендер көп әкесін бағаламай,
Кей әке жүр шаңырағына қарайламай.
Қайшылықты заңдарын мына өмірдің,
Келе жатқан жайым бар түсіне алмай.

Қараймын суретіңе қабырғада,
Төзім келе жатырмын талай сынға.
Сағынамын амал не, мойынсұндым,
Тағдырдың жазуы сол болғанына.

Кеудемде аласұрып сағыныш құр,
Өзінді аңсағаннан жазамын жыр.
...Дидаржан, құшағыма алар ем - ау,
Дидарыңды қара жер жасырып тұр.

КӨЗ АЛДЫМДА ЖҮРСЕҢ ҒОЙ...

(Ұлым Дидардың рухына)

Ақкөңіл, адал еді мінезің де,
Көтеріңкі күй ойнаушы еді көңіліңде.
Қалайша күрт үзілді өмір жібі,
Осыны мұңлы жүрек түсінбеуде.

Өмір деген бар-жоғы бес күн жалған,
Өзіңмен бірге кетті нешеме арман.
Жығылдың-ау жете алмай арманыңа,
Қандай жауыз жолыңа тұзақ құрған?

Шыдағанмын, шыдап келем өміріме,
Алға баспай кейін тартып тірлігім де.
Өзімді өзім алдаумен жүрем кейде,
Шүкір деумен шаңырақ бірлігіне.

Көз алдымда жүрсен ғой, Құлагерім!
Талай-талай бәйгеден озар едің.
Табылмайсың қасымнан қайтем енді,
Мәңгіліктің елінде жолығарсың.

БЕРІК ЕКЕНСІҢ ШЫНАРДАЙ

Жыһан Сиязбайұлы

Дәндібайға

Жездем-ау, тағы сезіндің өмір сынағын,
Ішіңнен бәлкім, қан жұтып тұрған шығарсың?
Дегенмен, соны сездірмей сабыр сақтаған,
Төзімді екенсің беріктігіндей шынардан.

Орны бөлек екенін білем ағаның,
Жазыла қоймас жаныңа түскен жара бұл.
Алтын мен күміс таба аларсың-ау іздесең,
Алтындай бірақ, ағаны қайдан табасың?

Иманы серік болсын деп асыл ағаның,
Тәңірден тілеп, қолымды көкке жаямын.
Жездемді менің жылата берме, ей, өмір
Айналдыр тойға аяғын мынау қазаның.



СОҢҒЫ КЕЗДЕСУ

(Жылқайдар (Жыһан) Сиязбайұлының рухына)

"Өкінбеймін өмірден өтемін" деп,
"Жазылғанын маңдайға көрермін" деп.
"Құтты орнына қондырсам жалғыз қызды,
Бұдан басқа менің ешбір арманым жоқ".

Осылай дедің соңғы жолыққанда-ай..
Сол сөзді тұра алмаймын есіме алмай.
Ақырғы рет ақтарып жан сырыңды,
Болыпсың бақұлдасып, қоштасқандай.

Пендеміз ғой қала ма, пендешілік?
Жалғанда таусылған ба қу тіршілік?
Шаңырағың орнында, барған кезде,
Өзіңді іздеп отырам елегізіп.

Жоқтығың жатсадағы жанымды жеп,
Өзіңізден үйренгем шыдауды көп.
Жүрегім қанша жылап тұрғанменен,
Сырт көзге көрінемін сабырлы боп.

Естіген ақыл-кеңес жүр санамда,
Зар болып жүрмін өзіндей бір ағаға.
Ойсырап орның қалды асыл жездем,
Тағдырға қарсы тұрар шама бар ма?

ӘЗІЛДЕСПІ ОТЫРАТЫН СЕН ЖОҚСЫҢ...

(Жездем Жыһан Сиязбайұлының рухына)

Жыл өтіпті-ау көзді ашып-жұмғанша,
Көңілімде тұнып тұрған мұң қанша?
Кеше ғана көтеріңкі көңілім,
Әйнек сынды сынып түсті күлпарша.

Жезде-балдыз әзіліміз жарасып,
Жүруші едік құшақтарды кең ашып.
Жарқын мінез қайда бүгін сол адам?
Қалай ғана қалдым одан адасып?

Кім түсінер жүрегімнің жарасын?
Енді сендей жезде қайдан табамын?
Өз дегенін істемесе тынбайтын,
Бұл тағдырға қандай амал қыласың?

Балалар бар, қалды жарың артыңда,
Шаңырағың сол баяғы қалпыңда.
...Баяғыдай әзіл айтар өзің жоқ,
Құран оқып қайтамын тек орнына.

БІР ТАМШЫ

(*"Алтыс бесінші" кеніште бірге жұмыс істеген
Айқын Қарасартовтың рухына*)

Өмірдің өзек өртер өткелдері,
Сол өткелмен өмірде кім өтпеді?
Жанарынан бір тамшы ағып түсті,
Әке жайлы сөз қозғап кеткенінде.

Налалы екен ол өткен тағдырына,
Сырын сақтап жүріпті сандығында.
Қандықол қарақшыдан қаза тапқан,
Жазыңызшы деуші еді сол жайында.

Күйбелең қарата ма, қу тіршілік?
Әлде билеп кетті ме, пендешілік?
Айқын бауыр ақтарып айтқан сыры,
Қалған-тын сол өтініш ойдан шығып.

Айқынның өзі де жоқ енді арада,
Боларын солай сірә ойлағам ба?
Әкесімен табысып жүрген шығар,
Мәңгіліктің мекендеп жұмағында.

Еске алып мен отырмын енді бүгін,
Кешегі бірге жүрген ердің рухын.
Бір тамшы жас жанардан ағып түскен,
Кетпейді көз алдымнан қайран ғұмыр.


ТОПЫРАҚ САЛА АЛМАДЫМ...

(Үлкен құдам Нұрпейісов Бодық ақсақалдың рухына)

Осы екен-ау бұл өмір жалғандығы,
Таусылып үлкен құда дәм мен тұзы.
Ота жасап жатқанда жамбасыма,
Өкінем, қоштаса алмай қалғаныма.

Құдам емес, «әке» деп сыйлағанмын,
Мұндар жатыр жүректе мұздаған мың.
Топырақ сала алмадым, бірақ, іштей,
Дұғамды оқып, бетімді сипағанмын.

Қандай ауыр қасірет қаза деген?
Барлық адам өмірден озады екен
Артыңда қалған із бар, тәубе делік,
Ғұмырың жалғасады балалармен.



ЖАЛҒАН ӨМІР

(Рысқұл құдағи рухына)

Жалғыздық жүрегіңді жараласа...
Шипа табу қиын -ау оған аса.
Жан жарыңның орынын толтырмайды,
Ең акыры тіпті, бала-шағаң да.

Іздегенмен амал не, айрылған соң...
Мәңгіліктің көрпесін жамылған соң.
Қайта келмес Рысқұл құдағиым,
Мойындайық, ең ащы ақиқат бұл..

Өмір - өзен ағысын тоқтатпайды,
Уақытпен емделер баста қайғы.
Қол жаятын соңында ұрпағы бар,
Рухы ешқашанда жоғалмайды.




МАМЫҚ БОЛСЫН ТОПЫРАҒЫҢ

(Болат Мейірбекұлы Батырбековтің рухына)

Сөйлескенде сыр бөлісіп Бәкеңмен,
Айтқан сөзі жадымнан еш өшпеген.
"Көз соқырлар мүгедекке жатпайды,
Көкірегі соқырлардан сақтаса екен".

Көңілінде айықпас мұңы барын,
Астарынан сөзінің ұғынғанмын.
Сұм ажал алып кетті арамыздан,
Бәйтеректің сындырып бір бұтағын.

Сезіп қанша тұрса да оралмасын,
Бауырлар төкті көздің ыстық жасын.
Жатқан жерің жәннаттың төрі болып,
Мамық болсын жамылған топырағың!



ӨЗІҢСІЗ ӨТТІ ОН БЕС ЖЫЛ

(Амангелді Әбдірахманұлы Ербосыновтың рухына)

Шыныменен он бес жыл өткені ме?
Арамыздан алыстап кеткеніңе.
Сағынамыз қайтейік, іздеп сені,
Бір күн емес, жылдың төрт мезгілінде.

Көптеген өзгерістер он бес жылда,
Болып жатыр әрине, шаңырақта.
Ерболатты таныды күллі әлем,
Алтыннан алқа тақты ол жарыстарда.

Өз орны бар өмірде Дулаттың да,
Еңбегімен шығып жүр талай шыңға.
Рахмет Жұмакүл мен келіндерге,
Ынтымақ ұялатқан шаңыраққа.

Ұлдарыңның есінде аманатың,
Шығарған емес олар жаман атын.
«Текіден - текті туар» дейді қазақ
Олар барда ешқашан өшпес атың.

Шаңырағың биіктеп, керегең кеңеюде,
Шүкір Алла, құда-жекжат көбеюде.
Жүрегім, сенбейді әлі жоқ дегенге,
Мәңгілік тірі жүрсің жүрегімде.

ҚАБІР БАСЫНДАҒЫ ОЙ

(Құдам Жанболат Төреқожаұлының рухына)

Ассалаумағалайкум, құдам менің!
Сәлемін ала келдім қалың елдің,
Басыңды бір көтеріп тындаңызшы,
Ақтарайын сырларын жүрегімнің.

Қатал тағдыр дегенің осы ма еді?
Ойлағанда қан жүрегім елжіреді.
Екі жастың тілеуін тілеуменен,
Жақсы еді ғой құдамның бір жүргені.

Өтті өмірім әкеге де зар болумен,
Жан-жағыма қарайлаумен қам көңілмен.
Құда болып көңілімді көтермекші ем,
Төс қағыстырып сыйласар құдамменен.

Тағдырым тағы мені сынады ма?
Төземін ғой, қайтейін сынағына.
Құдамның өзі жоқ та, рухы бар,
Есімін қосам енді Құраныма.

Мамық болсын жамылған топырағың,
Қолдай жүрсің ұрпағыңды аруағың.
Жұмақтың төрі болсын жатқан жерің,
Дұғасы қабыл болсын бұл құдаңның.

МАЗМҰНЫ

I бөлім

ЖАНЫМНЫҢ ЖАПЫРАҚТАРЫ

1. Ақтарылсам ағымнан.....	5
2. Дара туған.....	6
3. Тыныштық болсын елімде.....	7
4. Кеншілерге құрмет.....	8
5. Ұста биік ұлт туын.....	9
6. Аруақтар қолдасын.....	10
7. Айнымадым жолымнан.....	11
8. Періште емес, пендемін.....	12
9. Шаңырағым.....	13
10. Өмір өткелдері.....	14
11. Шындығым.....	15
12. Бір ұмыс топырақ.....	16
13. Ауылдағы асылдарым.....	17
14. Қасқырларда әртүрлі.....	18
15. Жамбастағы оқ.....	19
16. Жол сенікі қарағым!.....	20
17. Білім мен ілім.....	21
18. Сынақ.....	22
19. Бала монологы.....	23
20. Қйылды неге қолаң шаш.....	24
21. Түсінбедік бірімізді біріміз.....	25
22. «Ұлы да өтер өмірден пақыр да өтер...».....	26
23. Қызыл-жасыл дүниеден не қайыр?.....	27
24. Құнықпа атақ, мансапқа.....	28
25. «Қайтем әке, қиналдым жалғыздықтан».....	29
26. Тура жолға түсірді.....	30
27. Өтелмейді қарызың.....	31
28. Баға жетпес байлық.....	32
29. Бақыт деген еңбекте.....	33
30. Інілік.....	34
31. Аманаты бабалардың.....	35
32. Боран да қайта соғады.....	36
33. Бағаңды біл.....	37
34. Бөлмендерші адамды.....	38
35. Жалған жарық.....	39
36. Көңілім жас қайтсейін?!.....	40
37. Сол сұлуды іздедім.....	41
38. Зая.....	42
39. Алданған ару.....	43

40. Алдағы арман.....	44
41. Сабақ.....	45
42. Қарындас мұны.....	46
43. Коңіл.....	47
44. «Адам көңілі бірде – көл де, бірде – шөл».....	48
45. Екі жүзді.....	49
46. «Жаныма дос таба алмай байтақ елден».....	50
47. Қарияның сағынышы.....	51
48. Қиындыққа қиналма.....	52
49. Жалғыздық.....	53
50. «Адам алға ұмтылар арманменен».....	54
51. Кінәлама.....	55
52. Үмітінді үзбегін.....	56
53. Бірлікті болғандарға бақ жолығар.....	57
54. Өкпелеме.....	58
55. «Жеткенімнен көп әлі жетпегенім».....	59
56. Ағам.....	60
57. Бақыттымын.....	61
58. «Арзанға бағалаған адам құнын».....	62
59. Адал келін.....	63
60. Пейілі кен.....	64
61. Жоғалмасын сенім.....	65
62. Ініге ақыл.....	66
63. Ең әдемі гүл.....	68
64. Болайықшы бірлікте.....	69
65. Махаббат мазағы.....	70
66. Ар-ұятым жоғары.....	71
67. «Жалықпадым жақсылық жасауға мен».....	72
68. «Адам неге тым жылдам өзгереді?».....	73
69. Жалғыз терек.....	74
70. Қайда кетіп барамыз?.....	75
71. Жоғалмасын сыйластық.....	76
72. Өмір.....	77
73. «Өкпем жоқ қой әрине, өткеніме».....	78
74. «Неге үзілді сыйластықтың жіптері?».....	79
75. Үмітін өшпесін.....	80
76. Әдемі өлең жазылса.....	81
77. Тағдыр.....	82
78. Пенделік.....	83
79. «Мен» деп бәрі көкірегін соғады.....	84
80. Сан сынаққа түссем де.....	85
81. Інішекке.....	86
82. Сүрінгенді сүзгілеме.....	87
83. Алтын арқау.....	88

84. Өлеңім менің-өмірім.....	89
85. Қарындасымның сөзі.....	90
86. Туыстарым.....	91
87. Мүмкін емес.....	92
88. Өсек сөздің керегі не?	93
89. Кешірімді болайық.....	94
90. Бір келінге.....	95
91. Өлеңімді жатқа оқысын немерем.....	96
92. Бір ініме.....	97
93. Досыма.....	98
94. Өміріңді өкінішпен өткізбе.....	99
95. «Кешегі күн Құдайға да сенбедік»	100
96. Арманым жоқ.....	101
97. Түспесін салмақ жүрекке.....	102
98. «Білмедің ұлым, білмедің»	103
99. «Қазақ едік ата-анасын сыйлаған»	104
100. Ата мұны.....	105
101. «Әділет болып сыңарым»	106
102. Қайран дүние өтесің-ау бір күні.....	107
103. Үмітімді өшірме.....	108

II бөлім КӨҢІЛДІҢ КӨКЖИЕКТЕРІ

104. Дос болғым келеді.....	110
105. Ағайынға.....	111
106. Перзент сағынышы.....	113
107. Қанаты өзің қазақтың!	114
108. Шындық туын желбіреткен.....	115
109. Сәуірде туған үш ақын.....	116
110. Шалқи түссін әндерің.....	117
111. Азаматы арқаның.....	118
112. Ел сыйлаған Әб-аға.....	119
113. Алтындар.....	120
114. Жайдарлы, жарқылдаған келінім-ай... ..	121
115. Алпыс бес.....	122
116. Он төртінші.....	123
117. Бала күнді сағыну.....	124
118. Қасиеттісің, Жарасым!	125
119. Шорнақ.....	126
120. Үлгілі.....	127
121. Алғашқы менің мектебім.....	128
122. Алакөлі қазақтың.....	129
123. «Жетпіс төртін» көктемі.....	130

124. Үш өзен.....	131
125. Қарағанды, қарама салқын маған!	132
126. «Сағындым Сәтбаев қаласын»	133
127. «Қарағанды смханасы керемет»	135
128. «Жәмила қыз дегенде Жәмила қыз»	136
129. «Сәтбаевтан Нұрболат інім келді»	137
130. Сүйікті дәрігер	138
131. Берік болсын тұғырың.....	139
132. Жақсы жігіт.....	140
133. Жалындап жүруші едік.....	141
134. Кешір, аға!	142
135. Ақылы – дариядай.....	143
136. Белелерім.....	144
137. Орның бөлек.....	145
138. Бауыржанның тойына.....	146
139. Алтайға.....	147
140. Шырайлысы шығыстың.....	148
141. Жарыма.....	149
142. Еркелсей түс, немерем!	150
143. Қалғаныма, бойжетіп?	151
144. Өсиет.....	152
145. Ақ бата.....	153
146. Күнім шықты алдымнан.....	154
147. Бір атаның жалғасы.....	155
148. Сағындым немеремді.....	156
149. Ұлы атаңды біліп өс.....	157
150. Амаятың жадымда.....	159
151. Тастағам жоқ дұғамнан.....	160
152. Бәйтеректің оңай екен құлауы.....	161
153. Сағыныш.....	162
154. Көз алдымда жүрсен ғой.....	163
155. Берік екенсің шынардай.....	164
156. Соңғы кездесу.....	165
157. Өзілдесіп отыратын сен жоқсың.....	166
158. Бір тамшы.....	167
159. Топырақ сала алмадым.....	168
160. Жалған өмір.....	169
161. Мамық болсын топырағың.....	170
162. Өзіңсіз өтті он бес жыл.....	171
163. Қабір басындағы ой.....	172

ЖАҚСЫЛЫҚ ОМАРОВ

Талтүс

Өлеңдер жинағы

Редакторы – Абдолла Дастанов

Корректоры – Айжігіт Асанов

Техн. редакторы – Нұрлан Тоғысбаев

Басуға 05.10.2016ж. қол қойылды.

Қалыбы А4. Қаріп түрі «Таймс». Ризографиялық басылым.

Көлемі 11,125 шартты баспа табақ. Таралымы 400 дана.

«Нұрлы Бейне» баспасы. Тапсырыс №0510

Шымкент қаласы, А. Байтұрсынов көшесі, 15 «Б»

e-mail: togusbaev67@mail.ru

тел.: +7 701 77 97 167; 8 (7252) 50-16-21